



Суретте: ҚМУ-дың түлегі Есбол Жатқанов

Индекс 75579



Жас өркен Қостанай

e-mail:mediacentr_kgu@mail.ru

1
2016

№1(80)
ҚАҢТАР-АҚПАН



ҚМУ-да халықаралық
пікірсайыс турнирі өтті

Дарқанбаев Темірбай Байбосынұлы (1910–1987 жж.)

Қостанай облысы, Қарабалық ауданында туған. Көрнекті биохимик, ҚазССР ҒА-ның академигі (1958); корреспондент мүшесі (1954), биология ғылымдарының докторы, профессор (1953). 1941 жылдан КПСС мүшесі, ҚазССР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1954). Академик А.И.Опариннің шәкірті. 1936 жылы М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетін бітірген.

1936 жылдан С.М.Киров атындағы ҚазМУ-де мұғалім, 1946 жылдан осы университетте өсімдік биохимиясы меңгерушісі, 1943 жылы оқу ісі жөніндегі проректор, 1946 жылы биохимия және өсімдіктер физиологиясы мамандықтары бойынша өсімдіктер физиологиясы кафедрасын құрып, 25 жыл бойы микробиология кафедрасының меңгерушісі болды. 1955-1961 жылдары С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде ректорлық қызмет атқарды.



Т.Б.Дарқанбаев соғыстан кейінгі жылдары университеттің қалыптасуына көптеген еңбек сіңірді. 1956-1957 оқу жылдары аралығында университетте көптеген шет мемлекеттен студенттер білім ала бастады.

1965 жылы Т.Б.Дарқанбаев университетте өсімдіктердің биохимиялық затталмасу мәселелері лабораториясын ашып, 1968 жылы ҚазССР ҒА-ның ботаника институтында ақуыз және нуклеин қышқылдары лабораториясын, 1973 жылы сол институтта дәнді-дақылдар мәдениетінің биохимиясы лабораториясын құрды.

Т.Б.Дарқанбаев Қазақстан бидайының тағамдық маңызы мен технологиялық қасиеттеріне баға беріп, олардың құрамындағы белоктардың түзілу және кебу заңдылықтарын анықтады. Бидай дәнінде альфа-амилаза ферментінің жасырын түрде кездесетінін дәлелдеп, оның биосинтезін зерттеген. Амилаза ферментінің, глиадиндермен қатар бидай сорттарының сапалық көрсеткіші бола алатындығын анықтаған. Теориялық әрі халық шаруашылығы үшін маңызы зор 100-ден астам ғылыми еңбектері бар. Соның ішінде: «Биохимическая характеристика яровых пшениц Казахстана» (1955) монографиясы; қазақ тілінде «Витамины и их значение для человека» (1950), жоғарғы оқу орындарына арналған «Микробиология негиздері» оқулығы (1969) бар.

Т.Дарқанбаев 17 ғылым-доктор кандидатын дайындаған. Қазақстан КП ОК-нің мүшелігіне кандидат (1955-1966), 3-4 сайланған ҚазССР Жоғарғы Советінің депутаты. Бүкіл одақтық биохимия қоғамының Орталық Советінің мүшесі және осы қоғамның Қазақстандағы бөлімшесі төрағасының орынбасары болды. Совет ғылымының өкілі ретінде бірнеше шетелде дәріс оқыған, халықаралық биохимия конгрестерінде (АҚШ, ҚХР) баяндама жасаған. Екі рет Ленин орденімен, «Құрмет Белгісі» орденімен және медальдармен наградталды.



Суретте: ҚМУ-дың көлік, трактор және автомобиль кафедрасындағы ауыл шаруашылық көліктері зертханасында. Комбайн мастери А.Ж.Альменов және доцент Н.В.Щербаков.

Өнер өлкесінде

Қостанайлық жігіттер Америкада топ жарды



туралы Tengrinews.kz сайты хабарлады.

«The Clox» тобының құрамында Қостанай қаласының өнерпаздары Денис Орынбеков пен Руслан Баймурзин және одессалық Игорь Резник өнер көрсетеді. Денис ән айтып, гитарада ойнаса, Руслан — барабаншы, Игорь — бас-гитарашы. Әннің сөзі мен әуенін жігіттер бірігіп ағылшын тілінде жазады. Денис пен Руслан Нью-Йорк қаласына 2007 жылы барған. Сол жерде Игорьді кездестіреді. Араға екі жыл салып жігіттер топ құрады. Бір жылдан соң алғашқы ән жинақтарын шығарған. Бүгінде "Ready to starve", "Jules verne ер" және "Lullaby" атты альбомдарын жарыққа шығарып үлгерді. Жақында ғана туған қаласы Қостанайға келген Руслан Баймурзин: «Орыс тілді аудиторияны жаулап алу үшін — Мәскеуге бару керек. Ал, бүкіл әлемді өзіңе қаратқың келсе, Нью-Йоркке аттан» дейді.

Өнерлі жігіттер мұнымен тоқтамауға бел буып отыр. Рок-группасының әндерін интернеттегі, YouTube желісінен тыңдауға болады.

Суретте: «The Clox» рок-группасының мүшелері
Сурет Tengrinews.kz сайтынан алынды

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

11000, Қостанай қаласы,
А.Байтұрсынов көшесі,
47-үй, 217 бөлме.
Медиа – студия.
Байланыс телефоны:
қалааралық
8-7142-51-11-67,

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, кері қайтармайды. Журналдың қажетті сандарын редакциядан сатып алуға болады. Бағасы келісімді. «Жас өркен-Қостанай» журналына демеушілік көрсетем деушілерге мына есеп-шотымызды ұсынамыз: РМҚК «А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті»

ИИК KZ83856000000079688
РНН 391700052352,
БИН 990240005319
БИК КСJBKZKX
РНН банка 391700078345
БИН банка:980841000472
Кбе 16

Журнал редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп «Қостанайполиграфия» ЖШС баспаханасында басылды. 110007, Қостанай қаласы, С.Мәуленов көшесі, 16. Басуға 8.02.16 ж. қол қойылды. Көлемі 32 бет, Офсеттік басылым. Тапсырыс №503 Таралымы 1200 дана. Баспахана түпнұсқасы нашар суреттердің сапасына жауап бермейді.

Журнал Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясының Орынбор, Қорған, Челябин, Омбы облыстарына тарайды

екен. Сірә, әжесі бетінен қақпай өсірсе керек. Осы сөздерінің дәлелі ретінде мына бір оқиғаны Зибә әжей немересіне айтып берді: «Ол кезде әжей 3 класта оқып жүрсе керек. Заман ағымына байланысты сол кезде тек 3 кластық оқу ғана болыпты. Мұны әжейдің айтқан екі сөзінің бірінен аңғаруға болады, не айтса да «мен 3-ақ класс бітіргем, оны да жарытып оқымадым, тентектігімнің әсерінен» дейді екен. Сол ауыл молдасынан сабақ алсын деп, әжесі Зибә әжейді молда үйіне өзімен қатарлас балалармен жібереді. Әжей сабаққа бара жатқан кейіп танытып, құрбы-құрдастарынан қалып қойып, сабақ оқымас үшін ауыл шетіндегі зираттарға кетіп қалады екен. Сабақ аяқталды-ау деген шақта құрбыларымен үйге қайта еріп келеді. Сөйтіп жүріп үш класты бітірген. Бірде сол үшінші сыныбында оқып жүргенінде ойнап жүріп киіз үйдің ішіндегі әжесінің алтын әшекейлер, керек жарақтар салынған сандығының ішіне жоңышқа шөбін шырпымен тұтатып өртеп жіберіпті. Киіз үй іші көк ала түтінге ұласып, тұманданып кетіпті. Зибә әжейдің жалғыз бауыры Бүркітәлі есімді ағасы болған екен. Ол кісі бұл оқиғаға налып, жалғыз қарындасын керегеге керіп асып қойған екен. Тіпті өлтірмекші болған. Жазалаған түрі болар. Әжесінің тірнектеп жүріп жинаған дүниесінің бір-ақ күнде күлін көкке ұшырғандығы үшін қатты ыза болыпты. Не дегенмен жоқшылықтың дәмін татқан адамдар ғой. Зибә әжей ағасының ызалы әрекетінен әжесінің арашалауымен аман қалыпты. Әжесі бұл оқиғаға ашу білдірмепті, биязы жайсан мінезді кісі болса керек. Сол жылдар қиын жылдарға тап келген заман еді. Зибә әжейдің балалық шағы ашаршылық жылдары мен Ұлы Отан соғысына тап келген заман. Уақыт өте әжейдің есейген шағында жалғыз ағасы Бүркітәлі әскер қатарына алынып, соғысқа аттанады. Ағасы кетісімен тұрмыс нашарлайды, әжесі ауырып өмірден өтеді. Зибә әжей ағайын-туыстарының қолында өсіп жетіледі. Ұлы Отан соғысы аяқталған тұста әжей небәрі 11 жас шамасында болған екен. Ашаршылық жылдарында бала болса да есінде қалғандары, әжесімен масақ теріп күнелткендері. Соғыс аяқталған шақта, бейбіт заман орнап, азаттықтың алтын күні атқан кезде ел тіршілігі қайнап бастайды. Сол кезде бүлдіршін қыз егістікте үлкендермен бірге еңбек еткен. Мінезінде еркелік болса да, еңбекке епті болған. Егістікте

шөп шапқан, бау-бақша ісінде қолғабыс еткен. Сол кезге тән шаруашылық ісінің бәріне атсалысып отырған Зибә әжей тәуелсіздік жылдарынан кейін тылда еңбек еткені үшін және басқа да игі істерді атқарғаны үшін медальдарға ие болған». Міне, ашаршылық пен соғыс арасында балалық шағын өткерген қарт кісі өз өткен өмірін немерелерімен бас қосқанда ауыр күрсініспен еске алатын. Жаз айы келе салысымен жиен немересіне келген де өз өміріне қатысты қызықты оқиғаларды айтып отыратын. Бұл оның немересінің өміріндегі тамаша қайталанбас күндері еді. Зибә әжей әңгіме де, ән де айтатын. Әжей тойларда белсенді, елдің алғысын көп алған кісі. Ол кісінің жиі айтатыны - «Көкшолақ» халық әні еді. Сол әнді немересінің сұрауы бойынша көп орындайтын. Жиен немересінің күні бойына ермегі осы әжесі. Ол кісіге өзінде түрлі әдеби кітаптардағы өлең-жырларды оқып беретін. Әжей барлығын байыппен ерінбей тындайтын. Үйдегілер жұмыста болған кезде немересінің домбырамен сүйемелдеуінде «Арыс жағасындағы» деген Шәмшінің өлеңі бірге айтатын. Уақыт өте келе әжейдің жасы келе, ауру-сырқауы көбейеді. Қыстың бір күні өз қаһарымен көңілге қайғы, жанға жайсыз хабарын алып келеді. Қытымыр қыспен бірге қамсыз, қамқор бейне өмірден өтеді. Жылдың төрт мезгілінде қаһарлы қыс қайта айналып келсе де, бойжеткен қыздың қамқоршы бейнесі, көз ұшындағы сағымға айналады, жыл мезгілдеріндей қайта айналып оралмады. Жылдан астам уақыт өтсе де, жаны жабырқаулы бойжеткен сол өзі сағынатын жанашыр бейнесін іздейді. Былтыр жаз өтті, биыл жаз өтті. Бірақ сары кемпір көк таяғына сүйеніп оралмады, ол ауылға ат басын тірмеді. Міне, асыл бейнені есіне алып бойжеткен қыз үнсіздікпен төрт қабырғалы бөлме де телміріп отыр. Әжей өміріндегі әсерлі әңгімелерді осылай үнсіз есіне алатыны бар. Жыл өтті, әжей отыратын күн шұғыласын төккен бөлмеде әжесі мен немересінің қызықты әңгімелері айтылмайтын болды, әжейдің салмақты сөздерімен үйлесімді күлкісі естілмейтін болды. Сағымға айналған жылдар құстай ұшты.

Қайраң сағыныш болған сары кемпір.

**Мөлдір Аманбайқызы,
А.Байтұрсынов атындағы
ҚМУ-дың қазақ филологиясы
мамандығының
3 курс студенті**



Жас өркен Қостанай

Журнал 2003 жылғы 28 қаңтардан шыға бастады

№ 1(80) қаңтар-ақпан, 2016 жыл

ҚР Тәуелсіздігіне 25 жыл

Мерейтойлық марапат

Биылғы мешін жылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығын атап өтеміз. Шоқтығы биік мерейтойға арналған іс-шаралар қаңтар айында басталып кетті. Соның бірі Қостанай қаласындағы Достық үйінде өткен «Үлкен ел – үлкен отбасы» республикалық акциясы.

Аталған іс-шараға Қостанай облысы әкімінің орынбасары Марат Жүндібаев, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Кенжебек Укин арнайы қатысып, жиналғандарды мерейтоймен құттықтады. Қоғамдық ұйымдардың белсенділері де сөз сөйлеп, 25 жылдағы Қазақстанның жетістіктерін мақатанышпен еске алды. Тәуелсіздігімізді алғаш болып мойындаған бауырлас ел Түркия туралы да айтылды.

- Тәуелсіз еліміздің әр қадамы барша халықтың көз алдында. Біз Елордамыз Астана қаласының гүлденіп, дамуына куә болдық. Сондықтан әрбір жетістікке бірге қуанамыз. «Үлкен ел – үлкен отбасы» акциясы облысымыздың барлық аудан, қалаларында да бастау алды. Біз бірлігі жарасқан ортақ шаңырақ астында өмір сүріп жатырмыз. Бірлік -біздің ең басты құндылығымыз,- деді облыс әкімінің орынбасары М.Жүндібаев.

Іс-шара соңында қоғамдық келісім мен тұрақтылықты сақтауға, Қазақстан халқы Ассамблеясының



жұмысын нығайтуға үлес қосып жүрген бір топ белсенді азаматқа «Қазақстан халқы Ассамблеясына 20 жыл» мерейтойлық медалі, алғыс хаттар және облыс әкімінің грамотасы табысталды. Марапат иелерінің қатарында университетіміздің профессорлары мен оқытушылары да бар. ҚМУ ректорының кеңесшісі Михаил Дәуенов республикадағы қоғамдық-саяси жұмыстарға белсені араласып, ҚР Президентінің саясатын жүзеге асыруға үлес қосқаны үшін «Құрмет» Грамотасымен, ҚМУ-дың профессоры Қалқаман Жақып Қазақстан халқы Ассамблеясының алғыс хатымен марапатталды.

Жүйелі сөз, тұщымды ойдың ортасы

Биылғы жылдың 22-24 қаңтары аралығында А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-да халықаралық «ҚМУ CUP – 10» пікір-сайыс турнирі өтті. Дәстүрлі додаға 160 қатысушы және 80 команда тіркелген болатын. Қазақ және орыс тілдерінде өткен турнирдың бас төрешілері Алтынгул Қауменова мен Жанболат Әбілов болды. Командалар қандай облыстардан келді, ойынның деңгейі және жеңімпаз атанып, кубокқа ие болған команда туралы баяндаймыз.

«ҚМУ CUP» турнирі әр жыл сайын өтетін пікір-сайыс. Сол жылдың ең айтулы мерекесі турнирдің негізгі тақырыбы болып таңдалып алынады. Мәселен, 2016 жылы ҚР-ның Тәуелсіздігіне 25 жыл толады. Міне, сондықтан бұл дата – «ҚМУ CUP 10» турнирінің айдары болып белгіленді. Оған Қостанай облысының 80 жылдығын қосып көріңіз. Атап өтуге әбден лайық, бірден-бір мерекелер екеніне көзіңіз теккен де болар.

Пікір-сайыс дегеніміз сөз таластыру неме-



се көпірме көп сөздің алаңы емес, керісінше идеялар ортасы, тұщымды пікірлердің ордасы және жүйелі ойдың тізгіндеушісі бар шешендер аймағы. Мұндағы маңызды құндылықтардың бірі достық қарым-қатынас. Бұл республиканың түкпір-түкпіріндегі пікір-сайысшы жастар бір-бірімен дос әрі тығыз

қарым-қатынаста дегенді білдіреді. Бұған делегаттарға орын-жай таңдап, күтіп алу, орналастыру жұмыстарымен айналысқан вайзерлер қызметі дәлел болса керек. Жаңа буын өкілдері барын салып, қонақтардың ау-жайын аңдап, қоңақжайлық таңытқан болатын. Одан кейінгі кезек тіркелу және жеребе таңдау, қысқасы командаларды қарсыластарымен таныстыру жоспары құрылды. Ашылу салтанаты да қызықты өтті. Концерттік шараға Нұрислам Жүмекенов, Нұрсұлтан Қасым, Гүлдана Әбдібаева, Эльмира Егізбай, Айгерім Бейсекова сынды университет өнерпаздары атсалысты.

Кешкі мезгілде университетіміздің «Сұңқар» спорт кешенінде шағын футболдан жарыс өтті. Турнирдің қатысушылары мен ұйымдастырушылары екі топқа бөлініп, әдемі ойын үлгісін көрсетті. «Ахмет ұрпақтары» ПК-ның құрамасы жеңімпаз атанып, Playstation ойындарына сертификат ұтып алды. Қыздардың қызығушылығын тудырған «Технодом арена» атты демеушілеріміздің мұз айдыны да жастардың уақытты көңілді өткізуіне мүмкіндік берді. Осылайша жарыс алдындағы бірінші күн көтеріңкі көңіл-күйге толы болды.



Сағыныш болған сары кемпір...

(Әңгіме балалық шағы сонау зұлматты күндердегі ашаршылық жылдарымен сергелдең соғыспен қатар келген, балалық шақтың кермек дәмін ерте татқан кісі туралы).

Жаны жабырқаулы бойжеткен қыз бөлме ішінде үнсіз отыр. Төрт қабырға бір сағынышты бейнені есіне түсіретіндей. Бұрын бұл бөлме күн нұрын төгіп тұрғандай жарық болушы еді. Қазір сол жарық, сол бейне жетіспейтіндей, бөлме өзіне тыныштықты бойтұмар еткен сынды. Ол бейне өткен өмір белесіндегі естен кетпес ғажайып сәттерді өткеруіне себепші болған жан. Ол бейне есіне түссе сағынады, жаны жабырқайды. Оны шексіз жақсы көруші еді. Ол бейненің қайтып келмесін бойжеткен жүрек тек есейіп ес жиған шағында ғана ұғынды. Бұл қандай бейне дейсіз ғой немесе кім?

Бұл оның жалған дүниедегі жанашыры, асыл әжесінің бейнесі еді. Тұнық тыныштықтың тереңіне бойлаған сол бір жалғыз терезелі бөлменің әрбұрышынан сол асыл бейнесін іздейді, есіне алады. Бойжеткен қыз бүлдіршін балалықты артта қалдырып, есейген шағында қайырылмай кеткен қайғысыз күндерді есіне жиі алады. Үнсіздікпен үндесе, бөлме ішінде жалғыз отырған кезде сәл өткен күндер елесіне ерік берді. Сол күндерге ой арқылы көз жүгіртті. Асыл әжесінің айтқан әңгімелерін есіне алды:

«Сол күндер менің жадымда мәңгілікке...» деп салмақты әңгімесін Зиба әже үстел шетінде отырған немересіне баяндай бастады. Әже отырған бөлме терезесінің әйнектері күн сәулесінің шуағымен шағылысып, бөлмеге нұрлы жарық сыйлап тұрғандай жарқырайды. Бұл кезде қарт кемпірдің жасы алпысты алқымдап, жетпіске жеткен болатын. Сол жасқа жетер алдында өмірінде азап пен шаттыққа, қайғы мен бақытқа толы күндердің бәрін көріп, бейнеттің зейнетін татқан шағы еді. Зейнет жасындағы қарт әже жайма шуақ жайлы жазды асыға күтетін, оның өзіндік себебі бар. Жаз жадырап келе қалса, Зиба әже де бір орнында отырмайды, көк таяғына сүйеніп алыс

жолға бет алып, өз ауылы Аралтөбеден кіші қызының ауылына барады. Жарты жазың, тіпті жаз айының барлық айын сол жақта өткізетіні де бар. Қазір де сол ауылда жиен немересінің жанында отыр. Бөлме іші тыныштыққа толы, шыбын ызыңы да естілмейді. Әжей өз өмірінен бір әңгімені бастағысы келіп еді, бірақ бөлме ішіндегі жанға сая болар тыныштықты бұзғысы келмегендей. Үнсіз отыра берді. Бір кезде бұл тыныштықты жиен немересі бөліп жіберді:

–Әже, әже, әже деймін. Сіз бала кезіңізде қандай болдыныз?

Үйіне келген нағашы әжесінің жанында көп уақытын өткізетін де осы немересі. Отбасындағылардың барлығы жұмыстарында, ал бұл болса күні бойы әжесінің жанында. Сол кез оның өмірінде бақыт пен шаттыққа толы сәттер еді. Әттең, ол күндер қайтып айналып келмесін бала жүрек бүлдіршін қыз білмеген еді. Зиба әжей керует үстінде демалып жатып, немересінің тосыннан қойған сұрағына сәл езу тартып:

«Е, шырағым бала кезім әлі көз алдымда, есімде» –деп сөзін қысқа қайырды. Немересінің мұндай мәселелер тұрғысында қойған сұрағына салмақпен қарап, сабырлы үнмен жауап беретін. Қазір де Зиба әжей жанындағы немересіне өз өмірі жөнінде бірер деректерді баяндағысы келгендей ойланып ауыр бір күрсінді де:

–Сол күндер менің есімде мәңгілікке, –деп аяқсыз қалған әңгімесін жалғады. Ол өзінің ашаршылық жылдарында дүниеге келіп, балалық шағы сұм соғыспен қатарласа өткенін байыппен баяндады. Жастайынан әже тәрбиесін көрген, өте ерке мінезді болған, бұзықтығы да жоқ емес. Сондықтан болар жиен немересінің еркелігіне ренжімейтін. Бала күнімде анандай болдым, мынандай болдым деп өзі күліп айтып отыратын. Еркелігі мен бұзықтығында шек болмаған

Тұңғыш фильмнің тұсаукесері



Қостанай қаласында қысқаметражды "Саяқ" фильмінің тұсаукесері өтті. Фильм Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған. Жобаның авторы - талантты театр және кино маманы, Қ. Р. Әнбек

сіңірген қайраткері Қонысбек Бегайдаров, ал қоюшы режиссері С. Смаров атындағы Қостанай облыстық қазақ драма театрының жас актері Олжас Бегайдаров. Бұл фильм республика театрлары арасында және облыста тұңғыш рет түсірілген кәсіби көркем туынды болып отыр. Түсірілім жұмыстары бытыраңқы наурыз айында басталып, тамыз айында аяқталды.

Оқиға желісіне он жетінші ғасырдағы қазақ-жоңғар шапқыншылығы арқау болған. Басты кейіпкер Саяқ, сол кездегі қазақ батырларының жиынтық образы. Фильмде шағын қазақ ауылындағы батырдың махаббаты суреттелген.

Басты рөлді қарағандылық Қайрат Кемалов ойнады. Жоңғар батырының рөлін Қонысбек Бегайдаров сомдады. Облысқа таныған Айбол Шәкіржанов, Мібек Молдыбай, Әліхан Мырзахан, Зәліраға Батабаева, Ақдәмен Досановаларға бір-бір рөл бұйырылты.

Фильмге кеткен қаражат, қазақ-жоңғарлардың киген киімдері, қару-жарақтары, әзел-саймандары делегушілердің есебінен жүрді. Облыстық мәдениет басқармасының басшысы Аариса Сероус фильмнің тұсаукесеріне қатысып, түсірілімге еңбек сіңірген жастарға алыс хат табыстады.

Қ. Мұратбекқызы



23 қаңтар таңертеңнен басталып кеш қарайғанша ойындар өтті. «Ахмет ұрпақтары» ПК өз тарихында алғаш рет биыл ғана британдық парламент форматы бойынша халықаралық дәрежедегі турнир өткізіп отыр. Бұған дейінгі ойналып келген америкалық парламент форматы тек финалдық кезеңдерде ғана қолданылды. Қозғалған тақырыптар да мықты дайындық пен терең логикалық байланысты қажет ететін қарарлардан тұрды. Жаһандану үрдісі мен Қазақстанның сайлау жүйесі, сондай-ақ ситуациялық шешімдерге құрылған тақырыптар кеңінен сөз етілді. Бұл күні іріктеу кезеңдері ойдағыдай өткізілді. Ойын барысында төрелік жасау құқығы университетіміздің тәжірибелі пікір-сайысшыларына берілді. Олар барынша әділ қазылық жасады.

Күні бойғы дамылсыз ізденіс пен дайындықтан қалжырай бастаған студенттердің еңсесін жиып, көңілін аулай түсу үшін «Джем бар» клубының демеушілігі мен отырысы өтті. Онда пікір-сайысшылар би билеп, ән салды. Түрлі байқаулар ұйымдастырылды. Ертесіне финалдық ойындар басталып кетті. Үш күнге созылған турнирде қазақ лигасында Ықылас Жеткер мен Әбдіғали Жандәулеттің «Болат» командасы бірінші орынды иеленді. Ермек Елбергенов пен Салтанат Тұрсынхановалардың "Мәкен үшін" тобы екінші орынға ие болса, үздік үштікті Жұлдыз Жүнісова мен Бауыржан Әшіралы сынды пікір-сайысшылардан құралған «Боинг – 777» командасы түйіндеді. Орыс лигалары арасындағы қорытындысы бойынша да ең үздіктер анықталды. Олар:

1-орын «Феминист» командасы (Евгений Бедыч, Владимир Язовских)

2-орын «Искусство войны» командасы (Бауыржан Тілеуғалиев, Меркеш Райымбек)



3-орын «Пікір-таласқа 12 жыл» командасы (Бекзат Тасмағанбет, Алмас Сәтпаев)

Жеңімпаздарға диплом мен бағалы сыйлықтар таратылды. Қатысушылар ескерткіш суретке түсті. Осылайша дәстүрлі «ҚМУ CUP 10» жоғары деңгейде ұйымдастырылып, ерекшеліктерге толы болды. «Ахмет ұрпақтары» пікір-талас клубы тұңғыш рет БПФ форматында халықаралық турнир өткізіп отыр. Оныншы рет ұйымдастырылып отырған турнир қатысушылардың бәріне ұнады. Университеттің басшылық өкілдерінің ойынды тамашалап, қолдау білдіргені пікір-сайысшылар үшін де үлкен мәртебе.

Жанболат КЕНЖЕҒҰЛ,
ГӘФ журналистика мамандығының
3 курс студенті
Суреттерде: халықаралық пікір-сайыс
турнирінен көріністер

Суретке түсіру де өнер

Суретке түсумен қатар, дұрыс түсіре білу де өнер. Оған журналистика мамандығының фотожурналистика деп аталатын саласы дәлел. Суретке түсіру қызықты әрі қауіпті мамандық. Фотограф шеберлігінің арқасында қас-қағым сәт тарихта қалады.

Соңғы жылдары дәл осы сала немесе қызмет түрі дамып келеді. Осы орайда Қостанай мемлекеттік университетінің түлегі Есбол Жатқановтың еңбегін ерекше атап өтуге болатындай. Есбол суретке түсіруді студент кезінде бастап, оқуын бітірген соң жеке фотостудиясын ашып алды. Адамның кейбір сәттерің, табиғаттың тосын мінезін, қоғамдық құбылыстарды бір суретке сидырған фотограф әрі жас кәсіпкермен сұхбаттасқан едік.

- Есбол, университетте қандай мамандықта оқыдыңыз? Суретке түсіруге деген қызығушылық қашан басталды?

- Ахаң атындағы оқу ордасында бағдарлама жасаушы (программист) мамандығында оқыдым. Суретке түсіру идеясы студенттік шақтарда пайда болды. Қостанайдағы белгілі фотографтардың жұмыстарын көріп, қызығатынымын. Қызығушылықтың арқасында үлкен іске бел буып кірістім.

Суретке түсірудің өнер болып қалыптасқанына 100 жылдан астам уақыт болыпты. Мен үшін суретке түсіру үлкен өнер және сүйікті хоббиім. Кез келген уақытта аянбай еңбек етіп, жан-жақты ізденсеңіз ғана жетістікке жетесіз. Аталған саланың да өзіндік ерекшеліктері, қиындығы мен қызықты сәттері бар.

- Қандай фотографтардан үлгі аласыз?

Бұл өнерден батыс елдері алда тұр. Шетелдік фотографтардың жұмыстары қызықтырады. Әсіресе, әлемді мойындатқан австралиялық Гионис Джерридің стилі ұнайды. «Болмасаң да, ұқсап бақ демекші» әлемдік деңгейдегі фотографтардан үйренерім көп.

- Фотостудияның жұмысына тоқталсаңыз.

- Алғашында фотостудияда жалғыз өзім жұмыс істедім. Басында кез келген іс қиын болады. Сондай сәттері достарымның қолдауы маған күш берді, жігерлендірді. Білімімді жетілдіру мақсатында Елордамыз Астана қаласына барып елімізге танымал мұғалімдерден сабақ алдым. Кейін Алматыдағы қалааралық жарыстарға қатысып, Мәскеудегі "Халықаралық фотографтар форумына" жолдама алдым. Осы форумда әлемдік деңгейдегі ұстаздардан мол тәжірибе алдым. Ұжым құру, қасыма өзім секілді жастарды жинау қиын болған жоқ. Себебі, араласатын достарымның бәрі талантты жандар. Осылайша 2013 жылы заңды түрде жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп, фотостудия құрылды. Қазіргі ұжым бірнеше адамнан тұрады. Әркімнің өзінің міндеттері бар. Бәрі өз ісіне жауапкершілікпен қарайды. Студия фото-видео қызметтерін ұсынады.

Жеке кәсіпкер болғандықтан бизнес саласының ма-

мандарымен, тапсырыс берушілермен, фирмалармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейміз. Мемлекеттік органдармен де бірлескен жобаларды жүзеге асырудамыз. Кез келген нәрсе алғашқы қадамнан басталмай ма?! «Тәуекел» деп кірісіп, ашқан кәсібіміздің табыс әкеліп жатқанына қуанамын.

- «Есбол студиясының» басқалардан ерекшелігі неде?

- Өзім сырт көзбен қарағанда, біздің бірден бір ерекшелігіміз ұжымның ұйымшылдығында, өз істеріне деген сүйіспеншілігінде! Ірі жобаларды атқару, жалпы халықтың көңілінен шығу оңай емес. Сондықтан да, ұжымның атқаратын жұмысына аса назар аударамыз. Яғни, адамдармен жұмыс істей білу, этикет сақтау, жұмысқа сай киіну, өзін-өзі ұстау мәнері және т.б. Осы тұрғыда білімімізді де шыңдап отыру біздің студияның басты талабы, әрі ерекшелігі. Сонымен қатар басқа еңірлерден тапсырыс қабылдаймыз. Көршілес Ресейдің Челябинь, Екатеринбург, Мәскеу сияқты қалаларында да тұрақты тапсырыс берушілеріміз бар.

Жеке кәсіпкерлікпен айналыса бастағанымға үш жыл болды. Қазір студияның жұмысы алға басты. Жастар арасындағы кейбір мәдени іс-шараларға демеуші болып жүрміз. Қостанай қаласындағы бірнеше оқу орындарына, жетім балалар үйіне, мүмкіндігі шектеулі балаларға көмектесуге тырысамыз.

- Алға қойған жоспарларыңызбен бөліссеңіз.

- Жоспар көп. Ұжымның әрбір мүшесінің көкейінде жүрген түрлі идея бар. Бармақ бүгіп, саусақ санап отырсақ оның қайсыбірін тауысамыз. Көптің көңілінен шыққандарын атап өтейін. Деректі фильм түсіруді бастағымыз келеді. Қостанай облысының тарихын, бұрынғы Торғай облысының өткенін көгілдір экраннан көрсетсек деген ой бар. Туған жердің тұлғаларын, табиғатын, бай тарихын насихаттасақ, жақсы емес пе.

- Сұхбатыңызға рахмет, еңбектеріңіз жансын!

Ботагөз ИЛІЯСОВА,
ГЭФ журналистика мамандығының
3 курс студенті



Жаман...

Жамандық көзі елестеп түстен жаман,
Үмітті жақсылықтан үзіп жаман.
Білдіріп бар екенін бұл Жаманға,
Биікке шыққан жақсы, түскен жаман..

Жолдар бар, аяқ жағы біткен жаман,
Өні оның қара бояу түстен жаман.
Биліктің саптысына шыққан жақсы,
Биліктің саптысынан түскен жаман.

Күз

Күлмен шақта бүлк-бүлк өткен бүйрегі,
Мезгілдің де өзгереді кейде өңі.
Зауқы қанша соқпаса да, түбінде
Шешіледі күздің сары көйлегі.

Әдеби жоқ күз, шамалы мақпанба,
Дарақ біткен киім шешіп жатқанға.
Бетін шымшып ұлғандай табиғат,
Жер денесін орауы анық ақ қарға,
Көрсеткендей үлгі-өнеге жастарға...

Өзі келеді

Шағдырға не жазылса, қону керек,
Шағдыр жай, тұқымды шаш, ону керек.
Дос ізде бұл жалғанда, жақсылық қыл,
Дұшпаның іздептірмей өзі келет.

Қасқайып тұнық аптас таң ардайым,
Су болмас мәлдір, таза ағар дәйім.
Жақсыны жақсы дейін сүйемелдеп,
Жамандар жалғандай қадам сайым.

Өмір күзі

Бар сияқты сезімі жағза арнаған,
Қанат керіп ұшатын қалбаудаған,
Жапырақтар сап-сары құлап жатыр,
Өмір соңы келгені таң қалмаған.

Бір келетін жаз бағын ойлағандай,
Өкініші молт етіп тамбағандай.
Қарт дарақтар киімін шешінуде,
Табиғатта еш нәрсе болмағандай.

Қарт дарақтай мезгіле келіп тұрам,
Жапырақтай ойларға иелік қылам.
Өкініш мол, азырақ қуанышы,
Өмір күзі келгенін сезіп тұрам.

Жартқаннан бүлжымас жарлық келіп,
Жасаудан біз көп нәрсе алдық, беріп.
Қарт дарақтар жасағар әр жаз сайым,
Адам ғана жасағармас жастық келіп.

Күттіріген Бақыт

Босаптай басып тұрған жүкпен елім,
Сынағы көп болса да жүктеп едім.
Кешіктің, Бақыт, мұнша Зарықтырып,
Мен сені өмір бойы күткен едім.

Жарытып, жан-дүниемді жарық қылып,
Жаратқан бар екенін танып-біліп,
Кешіліп келдің, Бақыт, мұнша неге,
Күттіріп, қамықтырып, Зарықтырып.

Қырғыз тілінен аударған
Ақылбек Шаяхмет

Марқабай Аааматов, қырғыз ақыны



Бір ақынның арманы

Екі қабат шоң үйге бата алмаймыз,
Бір төсекті бас қосып жата алмаймыз.
Өмір, шіркін, әкелер кәрілікке,
Жалынсақ та тағдырға жасармаймыз.

Бақыт құсы қайырылып қонбайды екен,
Бір төгілен орнына толмайды екен.
Мәнісі жоқ шұрмыстың, мәнісі жоқ,
Махаббатсыз тіршілік болмайды екен.

Шауып кетем жалманнан азымымды,
Шартсам, мейлі, шартайын жазымымды.
Қайта келмес мезгілден отіп шұрмыз,
Кім шүсінер ондайда әзіліңді.

Дүние-жалман, бере бер жарлығыңды,
Білдім, шүйдім кей кезде шарлығыңды.
Келешекті, баланы ойлап шұрам,
Кім ойлайды ақындық тағдырымды?!

Жол көрсет

Болды екен бұған дейін қашан мұндай,
Көбейді көзі ашықтар ағын судай,
Білем дер пешенеді жазылғанды,
Білер деп мен жүремің жалғыз Құдай.

Адамдар басы айналған қанша ғана,
Көзі ашық көріпкелден іздеп пана.
Жазмышты өзгерте алмас жан біткені,
Өзгертер қаласа егер Алла-тағала.

Не келмес кемақылдың келдесіне,
Көзі ашық қызыққанның теңдесіне.
Оқуға қара басып, бас ауыртпас,
Оқ түссе малдекеңнің салдесіне.

Іздеме әлімсақтан, тарихтан да,
Алдыңда мысал шұраф, алыс барма.
Құдай дер құдайсыздар амалсыздан,
Айықпас ажал дерті жабысқанда.

Қарт мезгіл көпші көрген қалыс, ана,
Көпшілік өзін құдай таныса да,
Қуларда алтын тақтан сытырылып,
Құдайлап, далбақтайды падиша да.

Бақыт жоқ: «Ал мені» - деп жолда жатқан,
Ізде оны қайғы басып, шерге батсаң.
Жол көрсет, бағыт беріп бұл жалында,
Неденді адастырмай, о, Жаратқан!

Жыр-дүние (қаламдасстарға)

Мақсатымыз бәлек біздің атқарар,
Барса барсын саясатқа басқалар.
Әкім болмай, ақын болған жақсырақ,
Әкім болсаң, жан-дүниен тасталар.

Сезіміңді сергіп шұран жаз қылып,
Жырың келсін пері қыздай наз қылып.
Көңіліңді аршып алып саясат,
Кетпесе екен лас дүние азырып.

Бала күннен басқа жолды қаладық,
Поэзия бұлағынан нәр алып,
Шағдыр, бізді адастырма бағыптан,
Барлық нәрсе байлықпенен баланып.

Сорған саздай барлық, байлық құмары,
Жыр деп жанып, жыр деп күйіп шұралық.
Шағдырларда жырдан қашу болмасын
Елден қашқан Президенттер сыңары...

Нұрсұлтан Қасым: «Арманым - Жүрсіннің жүйріктеріне қосылу»

Университеттің әкімшілігі мен жастар бастамаларын дамыту орталығы жыл айрығында ҚМУ-дың үздік он студентін марапаттады. Іріктеу комиссиясы қойған талаптан сүрінбей өткен он шәкірттің бірі гуманитарлық-әлеуметтік факультеті филология мамандығының 2 курс студенті Нұрсұлтан Қасым.

Топ ішінен қара үзіп, дара шапқан жеңімпаз студент көптің сенімін ақтады. Нұрсұлтаннның үздік ондықтың қатарынан көрінуі бекер емес. Ол оқушы кезінен өнер үйренді, жастар арасындағы айтыстарға қатысты. Жоғары оқу орнына түскелі бері ақын жігіттің шабытына шабыт қосылғандай. Бабадан қалған жыр-терме өнеріне ден қойды. Соның бір жарқын дәлелі өткен жылы Алматы қаласында болған термешілер байқауына қатысып келді. Нұрсұлтан республикамыздың әр аймағынан



лай Маудановтарды үлгі тұтады, алдыңғы толқын ағаларына қарап еліктейді. Айтыскер ақындардың арасынан Қазақстанның халық ақыны Әсия Беркеноваға және қостанайлық айтыскер ақын Салтанат Өтелбаевдан бағыт-бағдар алады.

- Қой жылы – той жылы болды. Республика халқы бірнеше маңызды дата-ларды мерекеледі. Соның ішінде Қазақ хандығының 550 жылдығы, Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы сияқты мерейтойлық іс-шаралар

бар. Күнтізбедегі ерекше күндердің құрметіне орай бірнеше байқаулар, ақындар айтысы ұйымдастырылды. Солардың бәріне қатысып, бақ сынадым. Жарыста шыңдаласың, өзгеден үйренесің. Айтыс пен термені бөліп, ажырата алмаймын. Екеуі құстың қос қанатындай. Бірін бірі толықтырып отырады. Сөздік қорымды, таным көкжиегімді кеңейту үшін жыраулардың толғауларын оқимын. Биыл да білгенімді дамытып, алдыңғы қатардан көрінсем деймін. Әсіресе, Жүрсін Ерманның жүйріктері жарысатын айтысқа қатысып келеді, - дейді үздік студент Нұрсұлтан.

Нұрсұлтан Қасымның ҚМУ ректорының грантымен оқып жатқанын айта кетейік. Аталған грант тек үлгілі студенттерге, өнерлі жастарға ғана тағайындалады.



жиналған жастармен иық тіресе өнер көрсетті. Сол жылы Павлодарда өткен республикалық ақындар айтысында арнайы жүлдеге ие болды. Наурыз айында Арқалықтағы республикалық айтыста тағы да арнайы жүлдені қанжығаға байлады.

«Қанат қаққан сайын қатаяды» демекші, Нұрсұлтан байқауларға қатысқан сайын шыңдалып келеді. Үлгілі студент «жігітке жеті өнер де аз» деген қағиданы ұстанады. Содан да болар оқу орнында хореографиядан басқа үйірменің бәріне қатысады екен. Оқудан тыс уақытында қаладағы қоғамдық мәдени іс-шараларға қатысады. Ол Л.Толстой атындағы облыстық ембебап-ғылыми кітапханасындағы «Ақ қауырсын» ақындар клубының мүшесі. Жазба поэзияда жергілікті ақындар Нұрқанат Құлабаев, Абы-



Ел бірлігі

Қостанай облысы әкімдігінің «Қоғамдық келісім» мекемесі облыс тұрғындарының арасында дәрістер ұйымдастыру жобасын ұсынды. Жобаның басты мақсаты – халық бірлігін нығайту, мемлекет басшысының бейбітшілік пен бірлік саясатына қолдау көрсету, «Қазақстан 2050» стратегиясы мен 2020 жылға дейінгі Қазақстан халқы Ассамблеясының даму Тұжырымдамасының мақсаттарына жету, «Бірел – бірхалық» мемлекеттік саясатының негізгі принциптерін іске асыру, нәсілшілдік пен экстремизмге, жастар арасында этникалық және діни төзбеушілікке жол бермеу.

Жобаның басты міндеттері – өскелең ұрпақты адамгершілік пен өнегелілік қағидаларына тәрбиелеу, ұлтаралық бірлік пен төзімділікке, отансүйгіштікке дағдыландыру, бірегей қоғамдық-саяси институты этносаралық өзара әрекеттестіктің басты механизмі болып табылатын және Қазақстан халқы Ассамблеясының қазақстандық моделін жетете түсіндіру, жастарды рухани шыңдай білу. Бұл жобаны іске асыруға университетіміздің Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, доцент Ерменбаева Гүлжан Кәкімбекқызы және магистрант Нурушева Гүлмира Келдыбайқызы белсенді қатысты.



Жобаны іске асыру барысында облыс тұрғындары, мектеп оқушылары мен студент жастар арасында Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына арналған «Астана – бейбітшілік пен бірлік қаласы», «Мен – өз елімнің патриотым», «Біз тұратын ел», «Бір шаңырақ астында», «Достық пен ұлттаралық келісім – мұратымыз», «Қазақстандық бірлік пен төзімділік моделін қалыптастырудағы Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі», «Менің елім – менің мақтанышым», «Этникалық бейбітшілік пен бірлікті нығайту және тұңғыш Президент», «Қазақстан халқы Ассамблеясына 20 жыл» деген тақырыптарда бірқатар іс-шаралар өткізілді.

Жастардың белсенді азаматтық тұғырнамасын нығайтуда осы тақырыптарға арналған дәрістер, дөңгелек үстел, семинар-тренингтер және пікір сайыс турнирлері ұйымдастырылды.

Қазақстан халқы Ассамблеясы біздің еліміздің бейбітшілігі мен тыныштығын сақтауға, Қазақстанда тұрып жатқан барлық ұлт өкілдерін қамқорлыққа алып, олардың тілі мен мәдениеттерін сақтауға, дамытуға жағдай жасауды, ұлттық салт-дәстүрлер мен

Сен қалайсың?

Алыстасың, жоқсың менің жанымда,
Жалғыз қалдым бір алапат дауылда.
Шағдыр жазып, кеттің шалмай ауылға,
Сен қалайсың, жайың қандай, сүйіктім?

Ұры күндер сені менен ұрлады,
Бал шақтардың қалмай тіпті жұлғаны.
Иран бағым, қызылдағым қырдағы,
Сен қалайсың, жырларымнан күй ұққуын.

Жолда жатқан тастай болдым басы артың,
Ешкім мені алмас енді тазартып.
Сағынында жүрегімнен газал күш,
Сен қалайсың, маған орның биік тым.

Қазынамсың бар байлықтан тым ұлы,
Әлемдегі сұлулардың сұлуы.
Аңсапты көй саусағыңның жылғы,
Сен қалайсың, лағымысың киіктің?

Көңіл бөлші ойлар болсаң арғыны,
Шең болсыншы төрт құбылаңның барлығы.
Ибрагимнің өзің болдың бар мұңы,
Сен қалайсың, жайың қандай, сүйіктім?

Бүгінгіне қарайлаймын бекерге,
Бар ма менің көңілімнің дауасы?
Деп жүргенде: «Көктемге тез жетем бе?»
Қыс оралып, қар жауда, қарашы.

Ақ боранға тас атып ем ысқынып,
Маған қарай соқты одан қарсы ағын.
Тобустанның құрмындайын ысқырып,
Қоршағандай әлемдегі барша мұң.

Айналдырып аптақ қарға құлапты,
Ақ түштекте ағдаймын мен енді.
Боран қандай қаһарлы еді, қуапты,
Ұйқы басып, маурсырапты денемді.

Ояғанда кірпіктерім болмады,
Аяз екен талдап жұрған әрқайсың.

Көз жасынан көл жиналып, орнады,
Одан құстар әні естілмес, нанбайсың.

Көкке қарай ұмтыламын талай мың,
Жәннәт бағы шықпай қойды санаптан.
Аллаға жол тапқым келіп қараймын,
Осы жолда қалда мені, Жаратқан!

Шүс

Жер қазылып, қаны аққан,
Шүс себіліп жараға.
Осындай шүс, жаратқан,
Келді менің санама.
«Шарикты ұрлар ұры шүр,» —
Деген дауыс келеді.
Ұрпақтардың сыны шүр,
Біз қорғаған жер еді.

«Шонап жаттыр барымды», —
Жердің дауысы жаралы.
Қайтсем енді, жанымды,
Сұрақ мұжып барады.

Мен күлмеймін, басылмай,
Шуан жердің солғы.
Айтпты бәрін жасырмай,
Шылсым жердің зар үні...

Өмір қысқа, тауға жақын ұйқыдай,
Әне-міне, дайын шұғар молаң да.
Қараңызшы, адамдардың сыйқы-ай,
Ойды емес, күшті сыйлар қоғамда.

Білектілер кеуде керер ісініп,
Ауылының аздығына қарамай.
Ескерілмей мейірім мен кішілік,
Күштілердің өктем болған заманы-ай!

Сүліктейін қан соратын күштілер,
Бұл өмірде әлсіздігін білмеді.
Өкінішті, тек аз адам түсінер,
Оғын күшкен ойыншықпыз тирдегі...

Әзірбайжан тілінен аударған
Саят Қамшыгер

Ибрагим Ильяслы әзірбайжан ақыны



Айырылу әні

Бұл түнде де сен жанымда болмадың,
Жалғызсырап шұрмын бейне ай сынды.
Саған қарай бастайтұғын жолдарым,
Шерефенге телмірмен таусылды.

Жүрсін бе әлде бұл түнде де елендеп,
Үкілеген үміттерім үзілді.
Қалаңкен жүр көше жасақта калбендеп,
Боран сенің жасырады ізінді.

Қатар түзіп сұлулыққа ынтыққан,
Саған тіпті тамсанады жұлдыздар.
Қайтсем енді, қаша алмаймын шыңдықтан,
Аиды дағы тоназытты түңгі ызыр.

Мына түнді қоштасуға баласаң,
Шаң шапаны махаббаттай елес пе?
Айырылуды көздесу деп санасаң,
Бұл көздесу айырылу емес пе?

О, қудайым! Сала көрме сынаққа,
Шұрттарынан айырылған жігітті.
Қанатсыз жан бұлқынады бірақ та,
Құлың сенің мейіріміңнен үмітті.

О, саратқан! Қандай жолды таңдасам,
Не болады көк алуды қолдаса?
Отан — Ана тоналады арқашан,
Ұлдарының ар-намысы болмаса.

Жердің соры көз жасына айналса,
Махаббаттар мұздай қатып құр тынар.
Ар-намысым зұлымдықпен байланса,
Жаным менің қарсы болып бұлқынар!

Әлем тамаша

Жаңбыр құйып аспаннан, ұшқындаса қар көкпен,
Жеп-жеңіл боп қалықтап, бұлттар жүзсе әндешкен.
Ақ бұлақтар сылдырап, гүлдер өссе әр көктем,
Демек, әлем тамаша.

Шамдай жанан жұлдыздар тұрса жанды түрлетіп,
Шеніз тұлап, өзендер ақса Хақты жыр етіп.
Жаратушы өмірді берсе бізге сый етіп,
Демек, әлем тамаша.

Армандасаң, өткенді сараласаң бағамдап,
Біреу озып бәйіседен, біреу қалса қараңдап.
Барлық адам бір-бірін құрмет тұтса, алаңдап,
Демек, әлем тамаша!

Шұра келсе ай, күні,
Шадыр бізді сынады.
Сүйсе адам қайғыны —
Жылайды шын, жылайды.

Күлкі әркіме жазылмас,
Кімге жазды шын жылау?
Қайғы бар ма басылмас,
Күлген жанда мұн жүр-ау...

Қайғырар жан, не күлер,
Қарамасан сұрқына.
Көз-көгінен жан егілер,
Сүйген жанның руқына.

Өкінішті

Бақыт құсы қонған жандар — «озандар»,
Кімге қонар деп қызығып, таяймын.
Өкінішті, тақта тағы сол жандар,
Шақты да мен мүсіркеймін, аяймын.
Ошағымен ыстық болар әр мекен,
Бұл өмірдің тереңіне бойласаң.
Үміт отын жаққан жандар бар ма екен?
Үлесімді аяймын мен ойласам...
Қырандайын қанатымды қамдадым,
Қалам жүрер ақ парақтың бетімен.
Осы кезде жазсам да жыр жолдарым,
Зулап өткен уақытыма өкінем!..



мемлекеттік нышандарды сыйлауға тәрбиелейді, көпұлтты ел санасына ұйтқы болады.

Семинар-тренингтер барысын — да тыңдаушылар Қазақстан тарихымен бірге түрлі этностардың мәдени орталықтарымен таныса алды. Дәріскерлер ұлттық сананы, ұлтаралық келісім мен тұрақтылықты насихаттап, мемлекеттік саясаттың дұрыс бағытта іске асырылуын кө-

рсетіп, дәлелдеуге тырысты.

Жобаның арнаулы тобы жа — стар болғандықтан, іс — шараға А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының, Челябин мемлекеттік университетінің ҚР және Құрылыс колледжі, медициналық, экономикалық, әлеуметтік — техникалық, автокөлік, әлеуметтік білім беру колледждері студенттері, Қостанай қаласындағы Б.Момышұлы атындағы №5 мектебінің, бі.Алтынсарин

атындағы дарынды балаларға арналған мектеп — интернатының, С.Мауленов атындағы гимназиясының оқушылары қатысты.

Л.Толстой атындағы Қостанай облыстық әмбебап ғылыми кітап — ханасының қызметкерлері үшін «Этникалық бейбітшілік пен бірлікті нығайту және тұңғыш Президент» атты дәріс өтті.

Барлық іс — шаралар азаматтық тұғырнаманы ұстануға, танымдық қызығушылықтар мен интеллектіні дамытуға және арттыруға ба — ғытталды. Оқылған дәрістер мен ұйымдастырылған семинар — тре — нингтер, дөңгелек үстелдер жастардың толеранттылық, сүйіспеншілік, достық, патриоттық сезімдерін тәрбиелейтініне сенімдіміз.

Гүлжан ЕРМЕНБАЕВА,
Қазақстан тарихы кафедрасының
меңгерушісі, доцент

Бейбітшілік бесігінде

Еліміздің тәуелсіздік алғанына биыл 25 жыл болады. Осы жылдар аралығында Қазақстан қиын кезеңдерден өтті. Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сындарлы саясатының арқасында біз әртүрлі кезеңнен сүрінбей өттік. Ең бірінші айтатын жағдай, бұл еліміздің 25 жыл бейбітшілікте өмір сүруі. Ойланyp қарасақ, 25 жыл азғантай уақыт секілді көрінеді. Бірақ, осы ширек ғасырда қаншама мемлекеттік бағдарламалар іске асты. Ақжолтай жобалардың берген нәтижесі жаман емес.

Біріншіден, мемлекетіміздегі түрлі этнос өкілдері өзара тату — тәтті, бір — бірімен емен — жарқын тіл табысып ғұмыр кешуде. Екіншіден, экономикамыздың қарқынды дамуы. Үшіншіден, алпауыт мемлекеттермен достық және экономикалық қарым — қатынас орнатуда. Төртіншіден, Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев дүниежүзілік аренадағы жиын — дарда басқа мемлекеттердің басшыларын экстремизм мен терроризм мәселелерін шешуге шақырды. Осылайша, Қазақстан бейбітшіліктің мекені ретінде әлем халқына танылуда.

Біз, тәуелсіз Қазақстанның жастары ретінде, мемлекетімізді жан — жақты дамытуға үлес қосып, білімді де білікті болуға тырысуымыз керек.

Айғаным ХАМИТ,

ГӘФ журналистика мамандығының 3 курс студенті

Болат Қалиев: «Жастарға ізденген жарасады»

Студенттік кезең әрбір адамның бастан кешетін қызықты әрі бақытты шағы. Қуаныш пен шаттыққа толы ерекше сәттері. Көңіл көкжиегінде берік сақталар естеліктерге толы жылдар. Аға буынның жастық шақтағы қызықты оқиғаларын журналымыздағы «Біз де студент болғанбыз» атты жаңа айдардан оқитын боламыз. Алғашқы қонағымыз университеттегі жастар бастамалары орталығының директоры Болат Қалиев.



- Болат Назымұлы, сіз қандай студент болдыңыз?

-Иә, біз де студент болғанбыз. Сол күндерді еске алудың өзі қызық. Мектеп бітіргеннен кейін біз, алғаш Ұлттық бірыңғай тестілеу тапсырдық. Студент болғанда да оңбадық. Себебі, 3 курста алғаш болып Кешенді тестілеуден өттік. Бұған дейін барлығы ауызша тапсырып келген. Ал біз, компьютермен бетпе-бет кездестік. Осылайша менің қатарларым ҰБТ мен КТ-ны алғаш тапсырған едік.

Мен ауылда да, қалада да оқыдым. Мектеп бітіріп, студент атанғаннан кейін, ата-анамның көмегінсіз өмір сүруді үйрендім.

Кейбіреуі студенттік өмірді мұңмен еске алса, мен қуанышпен есіме алып отырамын. Қатарларымның дені 9 ай оқып, ауылдарына кететін. Ал мен 12 ай қалада болатынмын. Себебі, жазда студенттік құрылыстың бригадирі болып жұмыс істедім. Осы күні студенттердің көбі «мен сабақ оқуым керек» деп жұмыстан қашады ғой. Біз оқып та, жұмыс істеп те, университеттің белсендісі болып үлгердік. Ешкімнен де, ештеңеден де құр қалған емеспіз. Өмірімде ата-анамнан бірде-бір рет жол ақысын сұрамаппын. Тоғызыншы сыныптан 5 курсқа дейін студенттік құрылыста еңбек еттім. Жаз басталысымен емтихандарды уақытынан бұрын тапсыруға рұқсат берілетін. 1 шілдеден бастап қайтадан құрылысқа шығып кететінмін.

Мен белсенді студент болдым. Оқу орнындағы орыс лигасының көңілділер мен тапқырлар командасында ойнап жүрдім. Кейін өзіміз ойланyp отырып, қазақша көңілділер мен тапқырлар командасын ашамыз дедік. Команданың атын «Бауырсақтар» деп қойдық және құрамына 36 адам алдық. Күлкілі, әрине. Маған бәрі «Болат 36 баладан тұратын команда бола ма?» деп айтып жатты. Мен жауап ретінде «10 рет дайындық жасаймыз, соңғы дайындықта мықты ойнайтындары ғана қалады» дедім. Бірақ, қуанышымызға қарай 36 баланың 36-сы да мықты ойнайтын болып шықты. Дайындық біткен соң барлығымыз 30 минуттай билейтінбіз. Сөйтіп, бірінші рет орыс лигасында қазақтың «Бауырсақтар» командасы шықты. Оркестр ұйымдастырдық, сахнаға орындық алып шықтық, не керек барлақ 36 баланы көрсетуге тырыстық. Күлкілі болған жоқ, әрине. Дегенмен де, бұл жақсы бастама болды. Себебі, сол 36

міндеті, ата-ананың басты парызы.

Қазақстанның өркендеуіне үлес қосып жүрген азаматтардың арасында Аманкелді ауданындағы Жасбуын орта мектебінің түлектері де көптеп кездеседі. Олар өздері білім нәрімен сусындаған алтын ұя мектебінің мақтанышына айналған түлектері, жас ұрпақ үлгі-өнеге алып, еліктеуге тұрарлық азаматтар. Енді Жасбуын орта мектебінің ауыз толтырып айтуға лайық кейбір түлектері туралы қысқаша мәлімет берейін.

Қайыпбаев Берікжан, ветеринария ғылымдарының докторы, академик, Қостанай облысының ветеринария басқармасына абыроймен жетекшілік етуде.

Темірханов Фазыл, медицина ғылымдарының кандидаты, білікті хирург, облыстық балалар ауруханасының бас дәрігері.

Абатов Нұрқаси, алтын медаль иегері, медицина ғылымдарының кандидаты, профессор, жоғары санатты хирург, Қазақстанның жоғары оқу орындарының арасында өткен «Ең үздік оқытушы» және Қарағанды облысы бойынша «Ең үздік хирург» байқауларының жеңімпазы.

Нұрмағамбетов Қайыржан Рудный қаласында қазақ орта мектебінің директоры қызметін көп жылдар бойы абыроймен атқаруда.

Қабылдин Қозы жолды жөндеу мекемесінің бастысы қызметін көп жылдар бойы табысты атқарды.

Оташев Совхозбек мектепті бітіре салысымен Целиноград ауылшаруашылығы институтына оқуға түсіп, инженер-механик мамандығын меңгерді. Кеңес үкіметі құлаған соң көп жылдар бойы агроөнеркәсіп саласындағы бизнеспен жемісті айналысып келеді. Адал еңбекпен тапқан табыстарын аға-апалары мен іні-қарындастарының мұқтаждықтарына қуана-қуана жұмсап жүрген қазақтың қайырымды әрі бауырмал жігіттерінің бірі осы Совхозбек.

Қайыпбаева Айжамал, филология ғылымдарының кандидаты, Қостанай мемлекеттік университетінің тіл және әдебиет теориясы кафедрасының доценті, бірнеше оқулық, монография және өлеңдер жинағының авторы.

Абатов Бақытбек пен Абатов Абылай алтын (күміс) медаль иегерлері, Қарағанды кооператив институты мен Қостанай мемлекеттік университетін бітіріп, бухгалтер-экономист мамандығын терең меңгерген, бизнесте абыройлы қызмет жасап, тапқан табыстарының қомақты бөлігін бауырларына көмектесуге үнемі жұмсап жүрген бауырмал әрі жомарт жандар, үлкендерге елгезек іні, кішілерге қамқор аға болуға ақыл-парасаттары жеткен, жастарға үлгі-өнеге қылуға тұрарлық азаматтар.

Жоғарыда аттары аталған қыз-жігіттердің елінің елеулі, халқының қалаулы азаматтары болып қалыптасуларына сапалы білім мен өнегелі тәрбие берген Аманкелді ауданындағы Жасбуын орта мектебінің ұстаздарының (Абдіхалық, Мырзабек, Темірғали, Дәуіт, Хамит, Досет, Нағызхан, Кәрім, Абдірахман ағайлар) және сол мектептің ұжымын көп жылдар бойы абыройлы басқарған мектеп директоры Оташев Сабыржан ағайдың сіңірген еңбектері орасан зор.

Мың өліп, мың тірілген қазақтың тарихынан

үлгі-өнеге алған, ұлтының озық әдет-ғұрыптарын, бабалардың өсиет сөздері мен ғұлама ойларын саналарына сіңірген мектеп оқушылары ертең ел тізгіні қолдарына тигенде білімдері мен күш-қуатын сүйікті Отанымыз Қазақстанның экономикасы дамыған, халқы ауқатты және рухани бай, болашағы жарқын мемлекетке айналуына сүбелі үлес қосып, ел үмітін ақтайтындарына кәміл сенген Сабыржан ағай осы биік арманға қолды жеткізу үшін ұстаздар ұжымын жұмылдыра білген талантты ұйымдастырушы, қатал әрі білікті басшы болатын.

Оташев Сабыржан ағай мектепті басқарған жылдары (1966 – 1980 ж.ж.) Жасбуын орта мектебінің оқушылары облыстық және республикалық пән олимпиадаларында жүлделі орындарға бірнеше жыл қатарынан ие болып, мектептің абыройы асқақтағаны, үздік мектептердің арасында шоқтығы биік болғаны айтуға лайық жетістік.

Мектептің үздік түлектері жыл сайын Алматы, Қарағанды, Целиноград қалаларындағы жоғары оқу орындарына түсіп, студент атанулары мұғалімдердің берген білімдерінің сапасының жоғары екендігінің және мектеп директоры Оташев Сабыржан ағайдың ұстаздар ұжымын жемісті басқарғандығының тағы бір жарқын көрінісі еді.

Сабыржан ағай елуден жаңа асқан, қылшылдап тұрған шағында балаларының тойлары мен қуаныштарын, немерелерін көре алмай дүниеден ерте озды. Балалары, жас болғандықтан, әкесінің қадірін толық түсінуге, әке алдындағы борыштарын өтеуге үлгіре алмай қалды.

Әрбір саналы баланың, ес біліп, етегін жауып, ержеткен соң, анасы мен әкесі алдындағы борышын өтеуге барлық күш-қуатын жұмсайтыны құптарлық іс-әрекет. Әкелерінен көрген жақсы үлгі-өнеге мен айтылған ақыл-кеңестердің жемісі болар, Сабыржан ағайдың ұл-қыздары, асылдың сынығы, тұлпардың тұяғы екендерін жерлестеріне көрсетіп, білімді, тәрбиелі, елге сыйлы парасатты азаматтар болып қалыптасты.

«Анаңды Меккеге үш рет арқалап апарсаң да, борышыңды өтей алмайсың» - деген даналар сөзін біле әрі мойындай тұра, әрбір ақылды азамат анасы алдындағы парызын өтеуге тырысады, қам-қарекет жасайды. Сондықтан болар, Сабыржан ағайдың балалары, әкесі дүниеден ерте өткендіктен ол кісіге көрсете алмаған сый-құрмет пен той-қуаныштарын Анасына көрсетіп, немере сүйгізді, аналарын жас баладай мөпелеп бақты, бір-бірімен сыйласып татутәтті өмір сүруде.

Көп сөздің тобықтай түйінін айтар болсам, ұлағатты ұстаз, білікті басшы Оташев Сабыржан ағайдың жастарға сапалы білім мен өнегелі тәрбие беруде жеткен жетістіктері мен орасан зор еңбегіне көрсетілген құрмет ретінде және елінің аяулы ұлының есімін жас ұрпақ есінде мәңгі сақтау мақсатында Аманкелді ауданындағы Жасбуын орта мектебіне Оташев Сабыржан есімін берсе нұр үстіне нұр болар еді.

**Абатов Нұрлыбай Төлепбергенұлы,
физика-математика ғылымдарының
кандидаты, ҚМУ профессоры,
Жасбуын орта мектебінің түлегі**

Ұлағатты ұстаз, білікті басшы

«Қазіргі уақытта дамыған мемлекеттер арасында болып жатқан және көптеген елдердің болашақ тағдыры шешілетін маңызы өте зор бәйгеде Отанымыз жүлделі орынға ие болып, абыройы асқақтай ма, әлде бәйгенің соңында қалып, абыройы айрандай төгіле ме, басқаша айтқанда, бүгінгі жеткен жетістіктерімізден айырылып қалмаймыз ба?» - деген сұрақ еліміздің болашағына алаңдайтын әрбір саналы қазақ азаматын толғандырады.

Сүйікті Қазақстанымыздың болашағы жарқын, егемендігі мәңгілік болып, дамыған мемлекеттермен терезесі тең ел деңгейіне көтерілуі үшін отанымыз экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізуі тиіс екендігі көпшілікке белгілі ақиқат.

Бұл биік шыңды бағындыру үшін еліміздің экономикасы өркендеп, халқымызға қажетті тауарлар мен тамақ, жеңіл және ауыр өнеркәсіп өнімдері, озық технологияға негізделген тұрмыстық техникалар мен автомобильдер өз жерімізде шығарылып, олардың сапасы өте жоғары және бағасы қолжетімді болуы басты шарт.

Мұндай аса маңызды мақсаттарды іске асыруда сапалы білім мен өнегелі тәрбие алған, озық технологиялар мен жаңа техникаларды жетік меңгерген, елінің мүддесі жеке басының мүддесінен әлдеқайда жоғары және маңызды екенін толық түсінетін, Қазақстанды көркейтуге, ұлтының абыройын асқақтатуға өз үлесін қосуды қасиетті парызы санайтын қазақ жігіттері мен қыздарының атқаратын ролі өте ерекше.

Демек, қазақ халқының күрес пен шайқасқа толы тарихын терең зерттеп, Исатай болып орыс империясының басқыншыларымен шайқасқан, Махамбет болып отты өлеңдерімен езілген халықтың намысын оятып, жігер берген, Абылай хан болып жоңғардың жағасын жыртып, қанын судай ағызған, әлем мойындаған ғұлама ақын ұлы Абайдың баға жетпес ақыл-кеңесінен шөлі қанғанша сусындаған, қазақ



елінің тәуелсіздігін аңсап, ұлтын бодандықтан босату жолында құрбан болған Алаш арыстары болып елінің егемендігі үшін күрескен қазақтың жас жігіттері мен қыздарының жүректерінде намыс оты лаулауы, саналарын ұлт тағдыры мен Отанының болашағы туралы ойлар ғана билеуі, бабалар аманатына адал болулары заңды құбылыс.

Олай болса, мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіннен он жылдан соң отанына адал қызмет етіп, елінің өркендеуіне сүбелі үлес қосуды өмірдегі басты парызы санайтын, осы мақсатқа жеткізетін терең білім, күш – қуат, намыс, жігер, сабырлылық пен төзімділік, мол адамгершілік пен имандылықты бойына жинаған ақылды, ұлтжанды әрі еңбексүйгіш азамат тәрбиелеп шығару алтын ұя мектептің негізгі



баладан бөлек 3 команда шықты. Ол командалар жоғарғы деңгейде ойнай алтын дәрежеге жетті. Барлық командалар қосылып бүкіл қазақ мектептеріне бір-бір концерт беріп шықты. Ол кезде билет құны 20 теңге еді. Кейін мектептерден де командалар шыға бастады. Сол командалар шашылып кетпес үшін оларды телеарнаға тартуға тура келді. Әр командаға жеке-жеке тапсырма бердік. Шыны керек, кірмеген есіміз болған жоқ. Қазір қазақ лигасында орыстарға қарағанда команда көбірек. Біз қазақ студенттері КВН ойнай алмайды деген пікірді жоққа шығардық. Қай істі болсын дәлелдеу керек!

- Сіз оқыған жоғары оқу орны қайсы? Студент деген қандай болуы керек?

- Қостанай мемлекеттік университеті. Мен білетін бір талапкер ҚМУ-ға грантқа түскендіктен осы оқу орнын таңдадым. Студенттік кезеңде өзім үшін оқыдым. «Ата-анамның үмітін ақтауым керек» деген ой алға жетелейтін. Әр бала қандай да бір жолды таңдар алдында «бұл ата-анам ұнай ма екен?» деп ойланса қателеспеген болар еді. Студенттер немқұрайлылық танытып «бұл менің факультетім емес немесе бұл аудиторияда мен оқымаймын» дегенін қойса нұр үстіне нұр болар еді. «Студентке не істесе де жарасады» деген сөзге түбегейлі қарсымын. Себебі, студенттерге ізденген, үйренген жарасады.

Қазіргі кездің студенттері көп уәж айтып, шағым жасаудан жалықпайды. Біздің кезімізде жатақханаларда терезесі жоқ бөлмелер

болған. Бөлмелер талапқа сай келмесе де сонда тұрып, оқыдық.

- Сол шақтардан есте қалған ерекше сәт?

- Студенттік кездегі ең басты жетістігім, жоғарғы оқу орнын қызыл дипломға бітіруім. Бүгінгі күні айтады ғой «не оқу керек, не белсенді болуың керек» деп. Өтірік нәрсе ол. Бәріне үлгеруге болады. Біз белсенділік таныттық, жыл он екі ай жұмыс істедік. Онда тұрған ештеңе жоқ. Ата-анамызды да ұялтқан жоқпыз. Диплом алып жатқан кезде ректор сол жерде мені жұмысқа қабылдады. Сол сәттегі сезімді, ата-анамның қуанышын сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Анамның көзінен шыққан ризашылықтың жасын байқадым. Күлімдеген жүзінен қуаныштың жасын көрдім. Қас қағым сәттегі осы оқиға менің өмірімдегі ең қымбат естелікке жатады. Мен өзімді ең бақытты адамдай сезіндім. Бес жылғы шаршаған қиналған сәтімді сол кездегі анамның қуанышы жуып-шайып кеткендей еді.

Материалды дайындағандар:

Арайлым ҚҰЛТАЕВА,

Айтолқын ҚАПАН,

Жұлдыз ТОСОВА,

ГӘФ журналистика мамандығының

2 курс студенттері.

Суреттерде: жастар бастамалары

орталығының директоры

Болат Қалиев

Домбырашы Сергей

Сергей Новосельцев А.Бай-тұрсынов атындағы ҚМУ-дың 3 курс студенті, болашақ прокурор. Рудный қаласында туып өскен жас жігіт бүгіндері қатарластарынан арасында оза шауып бәйге алып жүр. Белсенді студент университеттегі түрлі мерекелік шараларға қатысып, байқауларда жүлделі орындарға ие болды. Ең бастысы ол қазақтың қара домбырасында керемет ойнайды.

Сергейдің музыкаға деген құмарлығы ерсеуе келе басталған. Ең алғаш оркестрлік сырнай аспабында ойнауды үйренген. Ол кезде он жеті жаста екен. Сол уақыттан бастап музыкалық білім алу үшін арнайы маманға (репетитор) жазылып, сабақ алады. Мұғалімі де аспапта ойнауды өздігінен үйренген маман болып шығады. Уақыт өте келе Сергейдің таланты ұшталып, білімі кеңейе түседі. Үйренгенін одан әрі шыңдау үшін фортепиано аспабына ауысады. Бұл аспапты табу қиын болғандықтан музыкалық сабақты тоқтатады.

Сергей педагогикалық колледжін «Құқық» мамандығы бойынша тәмамдайды. Сол жылы әскерден шақырту келген болатын. Жас жігіт жоғары білім алу жолын таңдайды. Осылайша Ажмет Байтұрсынов атындағы ҚМУ-дың студенті атанып шыға келді.

Өнерлі жігіт университет қабырғасында жүріп домбырада ойнауды үйренді. Қазақстанның халық ақыны Әсия Беркенова басқаратын «Өнер» студиясы Сергейге шабыт бергені сөзсіз. Сергей аталған студияға жазылып, ең бірінші «Балбырауын» күйін үйренген. Өзінің күй шығаратын да өнері бар. Төл туындысы «Ел арманы» деп аталатын авторлық күйін орындап, «Здравствуйте, это мы!» байқауында бірінші орынға ие болды. Оның әр жылдары алған жүлделері аз емес. Мысалға, 2013 жылы «Здравствуйте, это мы!» концертінде ҚМУ-дың мақтау қағазы, 2014 жылы «Қазақшаныз қалай?» облыстық байқауда диплом, университеттегі «Мен жастарға сенемін!» фестивалінде диплом, «Активист года – 2014» аталымының жеңімпазы, 2015 жылы



«Қостанай таңы» газеті ұйымдастырған «Домбыра – думан» концертінде «Үздік домбырашы», Қостанай облысы прокуратура органдары қызметкерлерінің арасындағы «Тіл – татулық тірегі» сайысында Алғыс нәтиже марапатталды, атанды.

Сергей өте дарынды студент. Әңгіме барысында ол өзінің сүйіп тыңдайтын күйлері мен үлгі ететін композиторлар туралы айтты. Ол қазақтың ұлы композиторы Құрманғазы Сағырбайұлын ерекше құрметтейді екен. «Балбырауын», «Алтынай», «Адай» күйлерін сүйіп тыңдайды.

«Жігітке жеті өнер де аз» деген ханық даналығы біздің Сергейге арналып айтылғандай. Оқуда озат, белсенді жігіт, болашақ прокурор, мұзыкант және еңбекқор студент. Өнерпаз жігіт дұрыс тәрбие бергені үшін ата-анасы Александр Новосельцев пен Светлана Новосельцевке және қазақ халқының мәдени-рухани құндылықтарымен танысуға бағыт-бағдар бергені үшін «Өнер» студиясының директоры Әсия Беркенова мен ұстазы Гауһар Мұхамбетоваға алғысын білідіреді.

Әдемі СЫЗДЫҚ,
ГӘФ журналистика мамандығының 3 курс студенті

Суретте: домбырашы Сергей Новосельцев

ұлысы XV ғасырда Әбілқайыр ханның заманында өте күшейіп тұрды. Әбілқайыр сыбайлас Түркістан (Мауреннахр) елімен соғысып, ондағы Ақсақ Темір нәсілі әмірлерге де айтқанын істетіп тұрды. Бірақ, Әбілқайырдан кейін оның балаларының заманында өзбек ұлысы нашарлай бастайды. Әбілқайыр заманында өзбек ұлысына қараған бірсыпыра көшпелі елі Жошы нәсілі Керей-Жәнібек деген хандарға айырып, өзбектен айырылып Моғолстанға қараған осы күнгі Алматы – Қапал уездерінен қоныс алған екен. Әбілқайырдың баласы Қайым-Хайдар ханның заманында өзбек ұлысы күннен-күнге нашарлап, ондағы көшпелі елдер Моғолстандағы Керей мен Жәнібектің қол астына жиыла берген. Ол кезде Керей мен Жәнібек Моғолстан ханы Есен Бұғамен сөйлесіп, ол жақтан алған еді.

Осы Керей мен Жәнібекке жиылған ел «қазақ» атанып, сол уақыттан бастап өз алдына бөлек патшалық болған. Бірсыпыра тарихшылардың жазуынша, бұл уақыт (қазақтың бастап өз алдына ел болуы) 1465-1466-ншы жылдарға келеді. Мұхаммед Хайдардың «Тарихи Рашиди» деген кітабында қазақтың тұңғыш ханы Керей болды деп жазған. Бірақ Керейдің заманында қазақтың хандығы қандай болғанына анық хабар жоқ. Ол Керей қазақ өз алдына бөлек хандық болғанымен, нақ өзін-өзі билеп, кейін алды деп жазылған. Өйткені ол кездегі қазақтың қонысы Моғолстан жері немесе Моғолстаннан тартып алған емес, жалынып сұрап алған жер қазақ хандығы дүние жүзіне жаңа ғана шығып, бұйырғаны қаптаған жас хандық, оған қарасып жер беріп отырған Моғолстан қазақтың жанында зор патшалық, сондықтан ол кезде қазақ Моғолстанға қалмақты, соның ыңғайымен жүретін хандық болған деп жорымасқа болмайды. Керейдің қай уақытқа шейін хан болғаны анық мәлім емес, бірақ 1580 жылдарда қазақпен істес болған көрші патшалықтар Керей мен Жәнібек емес, олардың балалары Бұрындық, Қасымдармен істес болған. Ол уақыттарда қазақ ханы Бұрындық (бұл Керей баласы). Әскер басы немесе сырт елдермен сөйлесетін Жәнібек баласы Қасым болған. Ол кезде қазақ қонысын кеңейтіп, күнбатыс теріс түсі шегі Оралға жеткен, адам саны миллионға барған. Бұрындық ханның ордасы Жайық бойындағы Сарайшықта болған. Керей ханның заманында қазақ Моғолстанның жетегінен шыға алмайтын еді. Бұрындықтың заманында қазақ ешкімнен жасқанбайтын, қайта көрші елдерге өзінің айтқанын істететін айбынды ел болды. Қазақтың бұлай аз уақыт ішінде күшейіп кетуіне көбіне себеп болған Қасым хан. Қасым хан көрші елдермен соғысқанда қазақ әскеріне басшы болып, тыныш уақытта Бұрындық секілді ордада жатып алмай, қалың қазақтың ортасында, бұқарамен араласып жүріп, елге өте қадірлі, беделді болған. Қазақтың ханы Бұрындық болғанымен, халық Бұрындықты білмейді, тек Қасымның соңынан ереді екен. Сөйтсе де Қасым көп уақытқа шейін Бұрындыққа бағынып, өзі әскер басы есебінде ғана болып жүре берді. Тек соңғы кезде Бұрындықтың хан болып тұруына елдің разы емес екендігі ашылған соң, Қасым хан Бұрындыққа қарсы соғыс ашып, оны қуып жіберіп, өзі хан болды.

Мұнан кейін Қасым хан орданы Сарайшықтан Ұлытауға, қалың қазақтың ортасына көшіріп апарған. Қасым ханның заманында қазақ хандығының сырт елге айбыны қандай екенін Моғолстан ханы Сұлтан Сейіттің Қасымның ордасына келіп, өзбек ханы Мұхаммет Шайбаниға қарсы жәрдем сұрағаннан һәм оған Қасым ханның берген жауабынан шамалауға болады. Әбілқайырдан кейін өте нашарлап қалған өзбек ұлысы Мұхаммет Шайбани деген ханның тұсында қайтадан күшейіп, Мұхаммет Шайбани көрші елдерінің көбін соғысып, өзіне қаратып, сыртқа өте ызғарлы болған. Бұл Мұхаммет ханмен Қасым хан да талай соғысқан. Ақырында 1509-10 жылы қысты күнгі жорығында Мұхаммет ханның әскері қазақ жерінен жеңіліп, еліне қайтқан. Сол Мұхаммет Моғолстанға аттанбақшы болған хабарын естіп, ол кездегі Моғолстан ханы Сұлтан Сейіт Қасым ханның ордасына келіп, Қасымнан жәрдем сұраған. Қасым хан оны 20 күндей ордасында қонақ қылып, ақырында жәрдем бермей қайтарған. Қасым хан Сұлтан Сейітке: «Енді күз жақындап қалды, қысқа қарай соғысқан соң елдің шаруасы бұзылады» деген. Қасымның мұнысы соғысып дұшпанын мұқатып, даңқын шығарумен елдің шаруасын салыстырып, ел шаруасын бағалай білгендігі және Қасым ханның Сұлтан Сейітке берген жауабынан сырт елге қазақ хандығының салмағы не дәреже артқаны көрінеді. Бірнеше жыл бұрын Моғолстанның ыңғайымен ғана жүретін Қазақ хандығы Қасымның заманында ешкімнен жасқанбайтын айбынды ел болғаны көрінеді. Қасым хан еліішіндегі дау-жанжалды дұрыс тексеру үшін қазақтың ескі ғұрыптарын үйлестіріп, жаңа заң шығарған. «Қасым ханның қасқа жолы» аталған Қасым ханның сол заңдары. Қасым хан елге өте беделді, қадірлі болған. Тарихшылардың айтуынша, Қасым хан аз уақыттың ішінде-ақ қазақтың 300 000 кісілік әскер шығаруға шамасы келеді екен.

Қасым хан өлген соң (1520-ншы жыл шамасы) қазақ хандары өзара хандыққа таласып, ел бөлініп, мұның үстіне үш жағынан бірдей жау шығып, қазақ біраз уақыт өте нашарлап, тозып кетуге де айналып еді. Қасым ханның баласы Мамаш туысқандарымен хандыққа таласып жүріп соғыста өлді. Онан кейін хан болған Тайырдың (бұл Қасымның інісі Жәдіктің баласы) заманында қазақ тағы Моғолстанның жетегіне түсті және Тайырдың өзі өте мейірімсіз, қатал хан болған. Халық тегісімен Тайырға қарсы көтеріліп, оның Әбілқасым деген інісін өлтіріп, Тайыр Қырғыздарға қашып кеткен. Тайырдан кейінгі хандардың (Бұйдаш, Тоғым, Ахмет) заманында қазақ бірнеше жыл ұдайымен Өзбек, Ноғай, Моғолстан үшеуімен бірдей соғысып, басын көтере алмастық халге түсіп нашарлаған. Ол заманда қазақпен сыбайлас елдер бұрынғыдай қазақтан қаймығу түгіл қазақ деген ел екенін де ұмытып кетіп, қазақтың ол кезде жайын білген кісі қазақты қайтадан ел болады деп ойламайтын еді. Қасым ханның заманында дөуірлеп, адам саны миллионнан асып, кең даланы төрт түлік малға толтырған қазақ онан кейінгі бір 20 жылдардың ішінде бұрынғысы көрген түс секілді үміт болып, мал басы бірдей өсіріп қалған секілді болып еді.

(Жалғасы бар)

ныш уақытта аса сыпайы, қонақжай ел болған. Ахмет Закидің тарихында жазылған араб ақынының: «Қаум иза кубилию квну мэлвикэг - уа инна кутилию квна гафаратан» деген сөзі бар. Қазақшасы: «Түрік деген сондай халық, қарап тұрсаң, қиыр шетте секілді (мінезі, сыпайышылығы) соғысқа кіресе, албасты секілді» деген сөз. Соғыссыз тыныш уақытта түріктер өзара өздерінің ескі замандарына, ғұрыпына бағынып, бір-бірімен тату тұратын еді. Түріктер өзара ұлыс-ұлыс болып бөлініп, әр ұлыс бірнеше руға, әр ру басы – «би», ұлыс басы – «хан», түріктің не бар ұлыстарын жиып патша болған ханы «қаған» (хан) деп аталған. Аймақ ішіндегі дау-жанжал ағаның алдында, екі аймақтың арасындағы іс би алдында, онан асқан ісхан алдында, түріктің ескі ғұрып заңдары бойынша тексеріліп бітетін еді. Түріктер өзінің заңына ханы, ағасы, жай азаматтары, жалшысы – бәрі бір қалыпты бағынатын еді. Ол кездегі түріктердің түсінуінше, заңға көнбейтін кісі болмаса тиіс, заңға қарсылық қылған кісіні өлім жазасына бұйыратын еді. Түрік заңдары бойынша, мал ұрлаған кісі ұрлаған малын айып-жазасымен он есе қылып қайтаратын, біреуге қол тигізіп, жара салған кісіні дәл сондай қылып жаралайтын еді.

Түріктер өзара тапқа бөлінбеген. Еуропа еліндей төре-қарасы жоқ, ғұрып-заңы бойынша бәрі бірдей еді. Түріктер бір-бірден ру-ру болып айырылып, ру аймаққа бөлінгенде, ата жөнімен, бір атадан тараған бір аймақ болып (бір аймақтағы түріктер атаға келген ағайын, бұлар бірінен-бірі қыз алыспайтын еді), бір нәсілден аймақтар бір ру болатын еді. Түрік халқында бұлай нәсіл жөнімен жақын болудың үстіне «қан жасалып, қарындас болатын» да ғұрыпы (әдеті) болған. Бұл ғұрып бойынша аймағы басқа, иә тіпті руы да басқа екі түрік денесінен қан шығарып, ол қанды сүтке иә қымызға тамызып ішіп, қарындас болатын. Бұлай қан жасалып болған қарындастар біріне-бірі «қанда» болатын. Андалардың бір-біріне жақындығы бір туысқан кісілерден де артық болатын еді.

Түріктер мұсылман болудан бұрын өздерінің малшылық кәсібіне лайық діні болған. Ол заманда түріктердің жалбарынатын түрлі тәңірлері болған. Бұлардың артықша құрметтеген тәңірлері, аяқты малдардың иесі деп түсінген аруақтары, от, темір секілді нәрселер болған. Түріктер әсіресе темірді артық құрметтеген. Ахмет Заки мұны соғыста көп ұсталып, пайдасы тиетін құралдар темірден істелетін болған соң түріктер темірді өзге тәңірлерінен артық көрген болар деп ұқтырады және түріктер арасында «Темір», «Темірбай», «Темірхан» деген сияқты адам аттары өте көп болуы да түріктердің темірді өзге тәңірлерінен артық көргенін деп жүреді. Түріктер мұсылман болып, арабтың әліпін қабыл алуынан бұрын өздерінің шығарған әліппеде болған. Түріктің ескі әліпін Европа тарихшылары «Орхон әліпбиі» дейді. Бұл әліппемен жазған жазулар ең әуелі Байкал теңізінің оңтүсінде, Орхон өзенінің, бойында табылған болар, VIII ғасырда болған түрік хандарына арналған белгі тастардың бетіне ойып жазған жазулар екен. Көп уақытқа шейін бұл жазуларды ешкім танып, оқи алмайтын еді. Тек соңғы кездердегі Европа ғалымдары Орхон жазуының кілтін тауып, онда

жазған сөздерді жариялады. Бұл күнде Радлов, Томсон, Ядринцевтердің тас бетіне жазылған Орхон жазуларының суретін салып, сөздерін орысшаға аударып жазған кітаптары бар. Бетіне Орхон жазуын жазған белгі тастардың ішінде Күлтегін хан, Тоныкөк тақырыпты жазылған сөздер бар. Орхон жазуы бар белгі тастар Азияның әр жерінде-ақ табылып тұрады. Түрік ханының 569-ншы жылы Рум (Рим) патшасына Орхон жазуымен жазылған бір хат та бар. IX-X ғасырларда Орхон жазуымен жазылған түрік сөздері көп. Орхон жазуымен жазылған ескі түрік сөздерін осы күнгі түрік сөздерімен салыстырғанда, ескі түрік тілімен бұл күндегі қазақ иә башқұрт тілінің арасы осы күнгі қазақ тілі мен башқұрт тілінің арасындай-ақ болып шықты.

Ескі түріктің таза тілі Орта Азияда Араб, Иран үстемдігі жүріп, олармен араласқан бірсыпыра түріктер (селжұқтар, тоғыз оғыздар) мұсылман болғаннан кейін, түрік тіліне арабтың, парсының көп сөздері кіріп, түрік тілі бұрынғы тазалығын жоғалта бастап еді. Ол кезде түріктер үшін жазған кітаптардың бәрі де араб, парсы тілдерінде жазылатын болған. Мұнан кейін Шыңғыс патшасы құрылған соң, Азия мен Европаның бұрын бірінен-бірі білмейтін көп халықтары бірімен-бірі сапырылысып, түрік тілінің араб, парсы сөздерімен шұбарлануы бұрынғысынан артты.

Шыңғыс өзі мұсылман болмағанымен, басқа діндегі халықтарды (мұсылмандарды да) діні басқа болғаны үшін жәбірлемейтін еді. Шыңғыс хан қай тілде, қандай әріппен болса да кітап жазыла бергенін тәуір көретін еді. Ол бірсыпыра ғалымдарға моғол тарихы, ескі сөздер тақырыпты кітап жаз деп те тапсырып еді. Түріктердің ішінде кітап жаза білетіндердің көбі араб-парсы мектептерінен тәрбие алған мұсылмандар болған себепті, кітап неғұрлым көп болса, түрік тілі соғұрлым шұбарлана бермекші еді. Түрік тілі мүлде бұзылып кетпей, бұл күнге шейін таза күнде қалуына Шағатай хан себеп болған. Шағатай хан өте ұлтшыл һәм қатал хан болған. Шағатайдың ордасы ұйғырлардың жерінде, Іле өзенінің бойындағы Бесбалықта еді. Шағатай түріктің дәл ортасында туып, әкімшілігін жүргізгендей, өзінің бар қаталдығын, ызғарын түрік ұлттарын, түрік тілін сақтау үшін жұмсады. Бұрын бір ауыз жазса да арабшыламай иә парсышыламай тұра алмайтын ғалымдар Шағатайдың заманында, Шағатайдан қорыққаннан амалсыз таза түрік тілінде жазатын болды. Бұрынғы араб-парсы сөздерінен арылған, таза түрік сөздерімен жазылған кітаптардың тілі Шағатайдан кейін «шағатай тілі» деп аталып кетті. Әбілғазы ханның «Түрік шежіресі» шағатай тілімен жазылған. Мұны қазақ тілі деуге де болады. Әбілғазы кітабының тілі қазақ тіліне, Орынбор ноғайларының тілінен де жақын. Оқып отырғанда қазақтың құлағына жат сөздер, сөйлемдер тіпті білінбейді деуге де болады. Сөйтіп, Шыңғыс ханның жорығы талай елдің мәдениетін көтеріп, артуына бөгет болса да, түрік халқы үшін, әсіресе түрік тілі үшін зор пайдасы тиді деуге болады.

Дешті-Қыпшақ берекесі қашып, түрлі хандықтарға бөліне бастағанда, оның күншығысында, осы күнгі қазақ даласында көшіп жүрген бірсыпыра түрік рулары өзбек ұлысы атанып, бөлініп шыққан. Бұл өзбек

ҚазҰУ-дың түлегі ҚМУ-дың оқытушысы атанды

Журналистика мамандығы қиындығы мен қызығы мол, жан-жақты білімділікті талап ететін жауапты сала екені барлығымызға мәлім. Ал, журналист болу – мақсаткер, талапшыл, тіл табысқыш, бауырмал болу деген сөз. Қоғамдағы құбылыстарды зерттеп – зерделеу жолында өзінің күші мен уақытыңды аямайтын дәрежеге жеткенде, өзінің шын талантыңмен оқырманды баурап алатын шабытың шыңдалғанда ғана жақсы журналист бола аласың. Міне, дәл сондай журналисттер біздің ортамызда жетерлік. Соның бірі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің түлегі, «Хабар» телеарнасының та-нымал жүргізушісі және Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің оқытушысы Сандуғаш Сүндетбаева.



«Менің теледидардағы алғашқы жұмысым тікелей эфирден басталды»

- Қостанайға қош келдіңіз! Ең алдымен өзіңіз жайлы айтсаңыз. Қай жердің тумасысыз?

- Рахмет. Менің толық аты-жөнім Сүндетбаева Сандуғаш Киікбайқызы. Қызылдорда облысында дүниеге келдім. 1996 жылы Жамбыл облысына қоныс аударып, Қаратау қаласында мектепті бітірдім. 2006 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне аймақтану мамандығы бойынша оқуға түстім. 2010 жылы мамандығым бойынша аталған оқу орнына магистратураға тапсырдым. Магистратураны бітіргеннен кейін журналистика факультетіне докторантураға оқуға түсіп студент атандым. Қазір докторантураның 3 курсына оқимын. Биыл бітіріп, ғылыми диссертациямды қорғаймын деген жоспарым бар. Өздеріңіз білетіндей Ахмет Байтұрсынов атындағы

Қостанай мемлекеттік университетіне оқытушы болып қызметке орналасып жатырмын. Мамандығым журналист болған соң теледидар саласында да жұмыс істеймін. «Хабар» арнасындағы «Жаңа күн» таңғы ақпараттық бағдарламасының жүргізушісімін.

- «Аймақтану» мамандығын бітірген студент «Хабар» телеарнасына қалай келді?

- Жалпы телевидение саласына қалай келгенімді айттып өтейін. ҚазҰУ-да түрлі іс-шаралар мен концерттерді жүргізіп жүрдім. Мұны телевидениеде істеп жүрген достарымыз байқап, «бізде кастинг болып жатыр» деп шақырған болатын. Бұл 31 арнаның жаңадан ашылғалы жатқан жобасы екен. Сөйтіп бардым, көрдім және өттім. Маған бұрыннан камераның алдында сөйлеген ұнайтын. Ол жақтағы кісілер де соны байқаған болар сөз саптауымды ұнатып,

түр-келбетің де келеді екен деп кастингтен өткізді. Бағдарламаның аты – «Айналайын». Бұл ұжымда Ұлпан Құрайысова, Нұрсұлтан Құрман, Ақкенже Әлімжан мен бұрынғы «Мұнарлан» тобының Дәулет деген әншісі және менің қасымдағы әріптесім Нұрғиса Әлмұрат жұмыс істедік. Бәріміз сол бағдарламаны кезек-кезек жүргізіп тұрдық. Басты ерекшелігі тікелей эфирде өткізілетін отыз минуттық бағдарлама болды. Яғни, менің телевидениедегі алғашқы жұмысым тікелей эфирден басталды. Бұл мен үшін өте үлкен мектеп. Одан кейін барлық өңірлерде көрсетілетін «Матрица» деген бағдарламаны жүргіздім. Әрине кастингтен өттім. Ол төрт жыл көлемінде эфирде жүрді. Онда интернет технология, әлеуметтік желілер, түрлі сайттар, блогерлер жайлы көрсетілді. Осы Қостанай қаласындағы «Алау» телеарнасынан да шықты деп естігенмін. Хабарласып тұратын көрермендері де

көп болатын.
2014 жылы Серік Акишевтің «Жаңа күн» бағдарламасын дайындайтын «Телемастерская хоус» деген компаниясына жұмысқа келдім. Ол жерде продюсердің көмекшісі ретінде қызмет еттім. Көбіне бағдарламаның ұйымдастыру жұмыстарына көбірек қатысып жүрдім. Жүргізушілік қабілетімді байқаған басшылар «Сен де эфирге шық!» деп ұсыныс жасады. Мен келісе кеттім. Содан бері бағдарламаның жүргізушісі ретінде танылып жүрмін.

«Тікелей эфирде бір нәрсені айттың, бітті, сол жерде қалады»

- Бірден тікелей эфирде жұмыс істеу қиын болған жоқ па?

- Қиын болған жоқ. Себебі алдын ала жазылып, монтаж жасалып эфирден берілетін бағдарлама ішімді пыстырады. Ал, тікелей эфирде бір нәрсені айттың бітті сол жерде қалады. Түзету мүмкін емес. Көгермен солай көрді, қабылдады, сонымен кетті. Монтажда қате айтқан сөзінді кесіп тастай беруге болады.

Тікелей эфирге жұмыс істеу қиын болған жоқ. Өйткені, мен телевидениеде жұмыс істеуге дайын болып келдім. Ондағы продюсерлер бізді дайындықтан өткізді. Мысалға, эфирге сәуір айында шығатын болсақ, біз оған қаңтардан бастап дайындалатынбыз. Күнде тікелей эфирде отырғандай әсерде болатынбыз. Бетімізде макияжға дейін болады. Сырттан қоңыраулар келіп жатады. Сол кезде құлағымызда тұрған наушниктен айтылып жатқан редакторлардың сөздерін микрофоннан айтып қалмауды бәрін-бәрін дерлік үйрендік. Біздің эфирге шыққанымыздан шығуға деген дайындығымыз көп болды.

- Сонау Алматыдан Қостанайға келуіңізге не себеп болды?

- Біріншіден, мен Қостанайға келін боламын. Жолдасым осы өңірдің тумасы. Екіншіден, докторантурада оқып жатқандықтан жарты жылдық тәжірибеден өту керек. Университет қарсы болмай керісінше бізге осындай жас мамандар керек деп жылы шыраймен қарсы алды. Жолдасымыз екеуіміздің жүзеге асыратын бірнеше жоспарымыз бар. Бірақ, ол ертең жасала қоятын дүние емес. Әзірге қалаға, университетке үйренісіп жатырмыз.

- Сол жоспарыңызбен бөліскіңіз келмей ме?
- Жоспармен әзірге бөліскім келмейді. Жүзеге асқан кезде көре жатарсыздар. Міндетті түрде айтамыз, хабарлаймыз. Ол жобалар телевизиялық немесе бизнес жобалары болуы мүмкін...

- Жобаларға журналистика мамандығында оқып жатқан студенттер ат салыса алады ма?

- Міндетті түрде. Дәріс оқыған кезде студенттердің потенциясын байқап жүрмін. Кәсіби шеберліктерін көрмесем де, ынталары бар екенін бірден түсіндім. Сондықтан шақыруға болады деп ойлаймын.

- Ахаң атындағы қара шаңырағымыздағы алғашқы дәрісін қалай өтті?

- Әзірге екінші дәрісімді оқыдым. Себебі, Қостанайдың суығына шыдай алмай ауырып қалдым. Содан бері жұмысқа енді шығып жа-

тырмын. Менің алғашқы дәрісім студенттермен танысу болды. Әрқайсысына «журналистикаға қалай келдіңіз, оқу ұнай ма?» деген сұрақтар қойған болатынмын. Сол арқылы олардың журналистикаға деген ынтасын білдім. Әркім әртүрлі жауап берді. Бірі балы төмен болғасын, енді бірі бала кезінен армандап келген. Жалпы кездейсоқ оқуға түскен студенттердің де ынтасы бар. Бірақ «Журналистиканың нақты қай саласы қызықтырады?» деп сұрасам, көбісі жауап бере алмайды. Мүмкін қазір анықтау оңай емес те шығар. Бірақ, сол нәрсені адам неғұрлым тезірек түсінгені дұрыс болады. Неғұрлым ертерек түсінсең, діндеген мақсатыңа ертерек жетесің.

- Қостанай қаласында қалу ойыңызда бар ма?

- Мен сондай оймен келдім. Осында жұмыс істеп, осында қаламын деген мақсат болды. Бірақ, оның бәрі маған байланысты емес. Тұрмыс құрғаннан кейін отбасылық жағдай бар. Алда жоспар көп. Қостанайда екі-үш жыл боламыз деп те ойлаймыз. Шетелге барып білімімізді шыңдағымыз келеді.

«Сәтті сұхбат жүргізу үшін сұхбат алушы өзін бастымын деп санамауы керек»

- Журналистке өсу үшін не қажет?

- Кітап оқу керек. Сенің оқыған кітабың дүниетанымыңның кеңдігін көрсетеді. Әр адам өзін дамытумен айналысуы керек деп ойлаймын. Кітап сенің серігің болсын. Екіншіден, ақпараттан хабардар болу керек. Нақты сенің салаңа байланысты әлемде қандай жағдай, Қазақстанда қандай тың жаңалық болып жатыр, оған халық қалай пікір білдіруде осының бәрінен хабардар болып жүру керек. Үшіншіден, өзіңнің хоризмаң. Өзіңді-өзің тәрбиелеуің. Егер теледидарда жүрген болсаң, онда сен сырт келбетіңе міндетті түрде күтім жасауың керек. Газетте жүріп, әрдайым сұхбат алатын болсаң, кез келген адаммен ашық болуың керексің. Сәтті сұхбат жүргізу үшін ең бірінші, сұхбат алушы өзін бастымын деп санамауы керек. Керісінше, сұхбат алып отырған адамды басты деп есептеген әлде қайда тиімді. Сол адамды ашу үшін ол жайында көп білу де маңызды. Сұрағыңа жауап беріп жатқан кезде бірден сол кісінің көңіл-күйіне еніп, қалай сұрауға болатынын анықтау керек. Бұл басты қағида.

Берілген тапсырмаға бей-жай қарап, уақытты созу студенттерге тән қасиет сияқты. Бірақ, журналистикаға сол журналистиканың барлық қыр-сырын меңгеремін деп келу керек деп ойлаймын. Қызығушылығы болса, онды одан әрі дамыту қажет. Студенттерге ең бірінші айтатыным, өздеріңіз ізденіңіздер! Кез-келген мүмкіндікті жібермей, дұрыс пайдалана біліңдер. Нақты не нәрсеге қол жеткізгің келетінін білсеңіз ғана, тура сол нәрсеге ертерек жетесіз.

Сұхбаттасқан
Арайлым Қабимолдақызы,
ГӨФ журналистика мамандығының 2
курс студенті

Қазақ тарихынан

(Жапплғасы, басы журналдың өткен санында)

Елдес Омарұлы



Ақсақ Темірден кейін Дешті-Қыпшақта, Шағатай балаларына тегін Түркістанда (мұны ескі тарихта «Мауереннахр» деді) бұрынғысындай зор патшалық болып тұра алмай, бірте-бірте бағы қайта берді. Ескі түркі халқы әуелде Алтай тауынан шығып, бүгін Орта Азияға таралған. Бұлардың жерінің шегі күнбатыста осы күнгі ішкі Русия, бұрынғы Саулауан жерлері. Қара теңіз, оң тұста Кавказ, Гималай, Гендикуш таулары, моғол шөлдері, күншығыста Ұлы мұхит, Жапон теңіздері. Түріктер тарихтан хабары жоқ ескі заманда осы кең даланы жайлап, мал бағып көшіп, қонып жүрген. Қытай жазушылары түріктердің Исадан 2400 жылдар бұрын мал өсіріп, кәсіп қылғанын жазады. Дұрысында адам баласының тірлігі тұрған жерінің топырағы, суы, өсімдігі, ауасы, желінің мезгілі, тауы, тасымен байлаулы. Мұның бәрін табиғат жағдайы деді. Түрік халқының өсіп-өнген жері Азияның ең даласы, ондағы табиғат жағдайы, түріктерді ықтиярсыз малшы, көшпелі ел қылып шығарған. Түріктің жері секілді топырағы егінге қолайсыз, бір шеті мен бір шеті бірнеше жылдық жол, өте сулы, аяқты малға таусылмайтын азық болатын, жалпақ жайылымға ие болған ел, түріктен басқа қандай ел болса да, амалсыз малшы, көшпелі болар еді.

Әр елдің қолданған кәсібіне лайық салты-санасы, әдет-ғұрпы, діні, мінезі болады. Түркі халқының қолындағы кәсібі мал бағу болған соң оның тұрмысы, салты түгелімен сол мал бағу кәсібіне ғана лайық тұрмыс-салт болған. Негізгі кәсібі мал өсіру болғандықтан, түріктер малға қолайлы жайылым іздеп, қысы-жазы жерінің бір шетінен, бір шетіне шығып, көшіп жүретін болған. Жазды күні жері күрделі Орал тауы, Обь, Ертіс өзендерін жайлап, қысқа қарай күні жылы Сырдария, Тянь-Шань тауы, Тарым өзеніне көшіп баратын, қысы-жазы демалыссыз көшіп жүретін болған соң, түріктер еш жерде бекініп тұрақтай алмаған. Түріктерде алып жүруге келмейтін үлкен тас үйлер, орнығып отыратын, мәдениет ұясы боларлық қалалар болмаған. Түріктің үйі, түрлі бұйымы, құрал-саймандары көшкенде түйеге артып жүрерлік ғана болған. Бұрынғы түріктердің тұрмысы

дәл осы күнгі қазақтың көшпелі елдерінің тұрмысы секілді болған. Үйі киіз үй, киімі жүннен тоқыған, илеген теріден істеген киімдер, тамағы малдың сүті мен еті, ыдыстары торсық, саба болған. Түріктердің бағатын малы жылқы, қой, сиыр, есек болған. Ешкі алғашқы кездерде Вамберидің жоруынша, түріктерде болмаса керек. «Ешкі», «Кажа» деген сөздер - түрік сөзі емес. Қолында жоқ темір секілді заттардан істелетін нәрселер болмаса, басқа түрлі, өз тіршілігіне керек бұйым-саймандарды түріктер өздері істеген. Түрік халқында көп істелетін нәрселер киіз, илеген тері, кілем, жақ (садақ), оның оғы, ер тоқым әбзелдерімен. Бұл нәрселерді істегенде түрік халқының шеберлігі, тарихшылардың айтуынша, мәдениеті ілгері сыбайлас парсылардан да артық болған. Бұл артықшылығын хам өздеріне керек басқа түрлі нәрселерді түріктер Вамберидің жоруынша, ешкімен үйренбей, өздері істеп шығарған. Түріктердің қолданған түрлі бұйымдары, құрал-саймандары таза түрік сөздерімен ғана аталған.

Негізгі кәсібі мал өсіру болған көшпелі ел, амалсыз үнемі ат үстінде болып, малын қадағалап, күзетіп жүретін болуға тиіс. Сондықтан малшы атқа мініп үйреніп, оның не бар жұмысы да, жақсы көретін ойын-сауығы да ат үстінде болған. Түрік мал айдаса да ат үстінде, бәйге, мүше, көкпар болғанда да ат үстінде болған. Мал баққан елдің өрісі көп болмақшы. Түрік малын ең даладағы ит-құстан бір қорыса, ебін тапса ұрлап, әлікелсе тиіп алатын ұрылардан тағы қорып, жасынан ат үстінде ит-құсқа садағын тартып, жаумен жағаласып үйренген. Түрік амалсыз жауынгер болған. Түріктердің салтына, өмір бойы бір кісі өлтірмеген адам адам емес, соғыста өлмей, ауырып өлген масқарашылық. Өлген кісі өмір бойы неше кісі өлтірсе, оны сол өлтірген кісілерінің санына қарай құрметтеп, басына сонша тас қоятын болған. Түріктің жауынгерлігі, батырлығы жер жүзіне мақал болып жайылған. Бөтен елдерде біреудің ерлігін, батырлығын мақтаса, түрік секілділер «дәл түрік» деп мақтайды екен. Ахмет Закидің тарихында түріктің барлығы туралы айтылған бір араб ақынының сөзі жазылған: «Уифатихи мин кимат ат-турк ма таракат лиль рагад кибатихим саутан уа ляситан». Мұның мағынасы «Түріктің батырлары екіпіндеп қайрат шығарып, ақырында олардың дауысынан күннің күркірегені де естілмейді». Түрік әуелде шаруасына, заманына қарай амалсыз жауынгер болғанымен, жүре келе жаугершілік түріктер жаудан малын, елін, қонысын қорғау үшін ғана соғысудың орнына тек соғысу үшін, қан төгіп, қызық көру үшін де соғысатын болған. Көп уақыт түрік жігіттері сыбайлас Қытай, Иран патшалықтарына әскер болып жалданып, өз еліне қарсы соғысқа шығып жүрген. Түріктер қанша жауынгер, соғыста рақымсыз болса да, соғыссыз ты-

Макияж жасап үйренейік

Таза, жарасымды, ұқыпты киінумен қатар бет-әлпетті бояй білу де керек. Сондықтан бетке макияж жасаудың бірнеше үлгілерін ұсынбақпыз.

Ең алдымен өз бет пішінің ерекшелігін ескерген жөн. Дұрыс жағылған бояу сенің келбетіңді ашып, шашың мен сырт пішініңді қайталанбастай етіп көрсетеді.

Макияж күндізгі, кешкі, ресми іскерлік, мерекелік және карнавалдық болып бөлінеді. Бұл орайда сәнге еліктеудің керегі жоқ. Сұлулығыңды асырып, кемшілігіңді жасырып тұратын бояу ғана сәнді болмақ.

Күндізгі макияж

Таңертең үйден шығарда жеңіл ғана боянған дұрыс. Бұл сенің қоршаған ортаның жағымсыз әсерінен қорғанышың болмақ. Оны жасауға 5-10 минут қана уақыт кетеді. Бетіне жағылған күндізгі иіс май (крем) терінің барлық кемшілігін жасырады.

Егер опа жаққанды қаласаң теріңе табиғи өң беріп тұратын түсті қолдану керек. Көзінді қанық етіп бояудың қажеті жоқ. Жеңіл табиғи түсті тен жаққан жөн. Кірпікке арналған сүрме мен көз қарындаштарын қалауың бойынша пайдалан. Егер ерніне назар аудартқың келсе, оны жиек қарындашпен анықтап сызып ал. Дұрысы жеңіл ғана жылтыр далап жағу жеткілікті. Бетіңіздің ұшына аздап қоңырқай түсті опа жақсаңыз болады.

Макияж жасау ережелері

1. Макияж жасағанда 2 түрлі айна қолданылады: үлкейтіп және кішірейтіп көрсететін.

2. Бояуды тек тазартылған бетке жағады. Бетті алдын ала сабындап жуу немесе тазартқыш лосьонмен сүрту керек.

3. Бетте түрлі жаралар болғанда (әсіресе ірінді) бояу жағуға болмайды. Ондай жағдайда емдік бояуды қолданған дұрыс.

Бояуды жағу реті:

- Иіс майды таза, құрғақ бетке саусақтың ұшымен жағып, сіңіру керек. Майлы теріге майсыз сұйық иіс май, ал құрғақ теріге жартылай майлы иіс май жағады да, аздан соң иіс майдың артығын алып тастау үшін бетті қағаз сүрткішпен сүртеді;

- бұдан соң терінің түсімен үйлесетін өң беруші құралды жағамыз, өң беруші құралды (тональды иіс май) маңдайға, бетке, иекке, мұрын мен мойынға тегістеп жағады;

- беттің табиғи түсіне сай келетін бет далабын жағады. Ол беттің ұшына оның табиғи түсімен астасып кететіндей етіп арнайы қыл қаламмен не опа жағатын үлпілдекпен жағылу керек;

- қарындашпен ерінді айналдыра сызып, далап жағады;

- арнайы қарындашпен қасты сызады;

- көзге арналған қарындашпен көз


қиықтарын сызып, кірпікке сүрме жағады;

- соңғы кезең бетті мұқият опалап шығу керек.

Сіздің сұлулығыңыз тек макияжға ғана емес, сонымен қатар сіздің тамақтануыңыз, күн тәртібіңізге де байланысты. Егер бет теріңіз таза болғанын қаласаңыз, онда алдымен өзіңіздің рационныңызды дұрыс құрып алыңыз. Оған сүт, ет тағамдарын, көкөністер мен жеміс-жидектерді енгізіп, суды көбірек ішуге тырысу қажет. Бет терісін әжім басудан сақтап қалу үшін, таза ауада көп серуендеп, күн тәртібін сақтаған абзал. Ұйқыңыздың қанғаны өте маңызды. Ересек адамдар үшін тәулігіне 7-8 сағат ұйықтаған дұрыс. Сондықтан да күн тәртібіңізді реттеп құрғаныңыз жөн. Спортпен шұғылданған да артық болмайды.

Бет теріңіздің жастығын, әжім басудан сақтап қалу үшін, балаларға арналған сабын мен иіс майын пайдаланған жөн. Ал жас көріну үшін салқын түсті ерін далабын қолдануға болады. Оны таңдағанда, теріңіздің және көзіңіздің түсіне қарап таңдауға болады.

Әйгерім БАЙҚАСОВА,
ГӘФ журналистика мамандығының
4 курс студенті



Прагада білімін толықтырған ұстаз



Университетіміздің белді ұстазы, физика-математика ғылымдарының докторы Әбдікәрім Тұңғышбайұлы Чехияға барып физика-математика саласында өзінің білімін шыңдап келді. Тың тақырыпта жазылған ғылыми жобасын ұсынып, еуропалық ғалымдармен тәжірибе алмасып келді. Шетелдік ғалымдардың көзқарасы және отандық оқымыстылардың мүмкіндіктері туралы ұстазымыздан сұраған болатынбыз.

- Былтырғы жылдың жаз айында Чехияның беделді университеттерінің

бірінде болып келдіңіз. Алған әсеріңізбен бөліссеніз.

- 2015 жылы ғылыми жоба бойынша министрліктің жариялаған байқауында жеңімпаз атанып грантқа ие болдым. Сол грант бойынша шілде айының 7-23 аралығында Чехия Республикасының Прага қаласындағы Богем орталық университетінде іс-тәжірибеден (стажировка) өттім. Шетелге шақырту алғаннан кейін келісім-шарт толтырдым. Менің салам математикалық модель құрасытыру болды. Математикалық модель құрастырып, соған сай әдіс дайындап, әдіс бойынша есепті электрондық есептегіш машина арқылы шығарамыз. Прага қаласына барған соң университетте қандай мамандар бар екенін, олармен қандай тақырып бойынша жұмыс ітсеуге болатынын ақылдастық. Ол жаққа барудағы ең басты мақсатымыз тәжірибе жинау. Шетелдік әріптестер өте жақсы қарсы алды. Жас буын ғалымдар да бар екен. Ең алдымен Богем орталық университетімен

таныстырды. Кітапханасын, лабораторияларын көрсетті. Басқа да ғалымдармен кездестім. Мені математикалық модельдеумен айналысатын зертханаға бекітті. Меңгерушісімен танысып, екі елдің білім беру саласын салыстыру мақсатында сол университетте жүргізіліп отырған ғылыми жұмыстарды қарастырдым. Мен айналысып жатқан салада жұмыстар жоқ екен. Сондықтан өз саламнан тыс жобаларды қарап шықтым. Чехиялық ғалымдармен сөйлесіп, өзімнің жобамды таныстырып, ашып жатқан жаңалықтарымды көрсеттім.

Өзіміздің факультетте жасалып жатқан жұмыстардың қандай деңгейде екеніне баға беру үшін, олардың пікірі мен үшін маңызды болды. Кең көлемді мақалаларымды көрсеттім. Олардың маған берген бағалары жақсы болды.

- Білім сапасы жағынан не айта аласыз?

- Богеми орталық университетінде тек қана ғалымдар ғана іс-тәжірибеден өтпейді. Осы барғанымда Алматының Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттерімен кездестім. Сол жерде танысып, білістік. Ол университет студенттерді, ғалымдарды, магистранттарды шақырып, ғылымды дамытуға септігін тигізеді. Оқу тәртібі, оқу-жұмыс бағдарламасын құрастыру жағынан біз де шетелдік университеттен қалысып жатқанымыз жоқ. Бірақ, оларда бізге қарағанда бостандық көбірек. Магистранттар өздеріне қолайлы уақытта ғылыми жетекшілерімен хабарласып, кездесіп, ақыл-кеңес алып, туындаған мәселелерді шешеді. Дәріс алу үшін күн сайын университетке бара бермейді. Оларға Қазақстандағы білім беру жүйесі ұнайды және ұқсастықтар барын айтты. Қазақ халқы есепке жүйірік, математикаға біршама жақын. Сол себепті, біздің ғалымдардың білімі шетелдік ғалымдардан кем емес.

- Осындай іс-тәжірибелер магистранттар мен докторанттарға қаншалықты қажет?

- Оқу бағдарламасында магистранттар және докторанттар шетелден іс-тәжірибеден өтуі керек деген шарт бар. Ол енді дұрыс деп ойлаймын. Ел көріп, жер танып, өзін көрсетіп, шетелдің білімін бақылап, тәжірибе алу артық етпейді. Әсіресе, біздің саладағы мамандар компьютермен жұмыс істеп, бір орында отырып үйреніп қалған. Сондықтан, мұндай іс-тәжірибелердің маңызы өте зор.

- Мұндай бағдарлама студенттер арасында бар ма?

- Оның бәрі қаражатқа байланысты. Студенттердің бәрінде бірдей алыс шетелге баратын мүмкіндіктері жоқ. Көбіне Ресейге барады. Ондағы Челябині, Санкт-Петербург, Мәскеу қалаларындағы университеттерден де үйренеріміз көп.

- Мақалаларыңыз басылымдарға жиі жариялана ма? Ғылыми мақала

дегеніміз қандай болуы керек?

-«Кибернетика» деген журнал бар. Кез-келгеннің мақалалары кіре бермейтін күрделі журнал. Ол журналға мақала тапсыру үшін таңдаған тақырыбың, жұмысың маңызды әрі ауқымды белгілі бір мәселені көтеретіндей болуы керек. Біздің қазақстандық ғалымдарға шетелдің ғылыми журналдарына мақала жариялау міндеті қойылды. Шетелдік «Кибернетика» журналына мен де мақаламды тапсырдым.

Мақаланы тапсырар алдында жаңадан қосылған әдістер арқылы есептерге модель құрып, кейін оған әдіс табуым керек болды. Әдісті тек қана тауып қана қоймай оны дәлелдеп, әдіс бойынша бағдарлама құрастыру қажет. Кейін, есептеуіш машинамен шығарғаннан кейін ғана дайын мақаланы редакцияға жібердім. Оларға жіберетін мақала кемінде 6 ай бойы жүреді. Ондағы сарапшылар тексеріп, салыстырады, қарайды. Мақаланың маңыздылығы, жаңалық аша білуім қарастырылады. Жан-жақты сүзгіден өтіп, тексерілген мақала ғана журналға жарияланады.

Бір өкініштісі, елімізде ғылыми журналдар тапшы. Шетелдік журналдарға мақала жіберу үшін қыруар ақша төлеу керек. Мақалалар жарты жылдай жүреді, кейін дұрыс еместігін айтып жауап келуі мүмкін. Бұл көбіне аудармаға байланысты болып жатады. Докторанттардың еңбектеніп жазған жобалары мен жұмыстары бағаланбай қалады. Қазақстандағы студенттер, магистрант, докторанттардың қаншама ақшасы шетелге кетіп жатыр. Бір мақала 500-700 долларға дейін барады. Жалпы шетелге ұмтылу керек деген ой дұрыс. Бірақ, өзіміздің отандық журналдарымызды шығаратын уақыт келді. Тағы да айта кетерлік жайт, ғылыми журналға мақаласы шықпаса докторанттардың жұмысы қорғалмайды. Көптеген докторанттар сол үшін жұмыстарын қорғай алмай жүр.

Ботагөз ИЛИСОВА,

**ГӘФ журналистика мамандығының
3 курс студенті**

**Суретте: физика-математика
ғылымдарының докторы
Әбдікәрім Тұңғышбайұлы**

тәрбиелеп, құрметтеу керектігін, оны зорлық – зомбылықтан сақтау, заманға сай білім алып, кейін қызмет етуіне құқылы екендігі айтылған. Баланы жалғыз тәрбиелеп жатқан аналарға көмек көрсету, олар үшін икемді еңбек түрлерін қалыптастырып, үйде жұмыс жасауларына жағдай туғызу перспективасы қуантады. Білім-барлық уақытта жоғары құндылықтардың бірі болған. Тек білімді, сауатты адам ғана келешекте ел тізгінін қолына ала алады. Осыны ескере отырып Елбасы Н. Назарбаев өз Жолдауында Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін әрі қарай дамыту, жетілдіру жоспарын құрып, көптеген мақсаттарда көздеп отыр. Олар: инженерлік білім беруді және заманауи техникалық мамандықтар жүйесін дамыту, оқыту әдістемелерін жаңғырту, елімізге қажетті технологиялар трансферті мен оларды қолдану үшін мамандарды оқыту. Бүгінгі ұрпақ білімді болса, ел ертеңі жарқын болмақ.

Білім беру жүйесін әрі қарай дамыту стратегиясы қазіргі уақытта Қазақстанның әрбір жағарғы оқу орындарында, мектептерінде іске асырылуда. Қазақстан халық Ассамблеясының мерейтойлық жиымашыншы сессиясы «Бір халық – бір ел – бір тағдыр»-деп аталуының астарында үлкен мән бар. Елбасымыз бір ел болып күн кешіпотырған түрлі ұлт өкілдері жайлы былайша ой қозғады. Бүгінде олар тегі басқа болғанымен - теңдігі бір, қаны бөлек болғанымен - жаны бір, арманы ортақ, біртұтас халыққа айналды. Туған елдің туының астында бірігіп, туған жердің тұғырын биік етуге бел шешкен азаматтарды бір тағдыр күтеді. Осылай, елдігіміздің ертеңі ошақтың үш тағаны сияқты «Бір халық – бір ел – бір тағдыр»-деген үш сөзге сыйып тұр.

Елбасымыздың осы бір салмақты ойының астарында үлкен мән жатыр. Ассамблеяның ең басты міндеті – еліміздегі қоғамдық келісім. Қазақстандағы қоғамдық келісім – ең алдымен қазақтың келісімі екенін мықтап есте ұстаған абзал. Татулық пен тұрақтылық ел иесі ретінде ең алдымен қазаққа керек. Қазақтың ынтымағы мен бірлігі мықты болмайынша, мемлекеттің тұтастық келбетін сақтау қиынның қиыны. Ең алдымен, өзгеге үлгі болу үшін өз ішімізді ретке келтіруіміз қажет. Жік-жікке бөлінбей, бірлігіміздің беріктігі басқа да ұлт өкілдерін бауырымызға тартуда үлгі болмақ.

Ұлттардың араздығы атын айтуға қорқатын жағдайларға кез қылып жатады. Құдай бетін аулақ қылсын. Біз – бір мемлекетпіз. Бір ауамен тыныстап, бір жердің өнімін бөліп жеудеміз. Бәріміздің Отанымыз біреу ғана. Бір мемлекеттің азаматы болып, бір тудың астында біріккендіктен, арманымыз бен тілегіміз бір болуы тиіс. Елдігіміздің ертеңі олайтын әрбір азамат ұлт пен жерге бөлінбестен бірлесе қызмет етуі қажет. Қайткен күнде де жұмыла көтерген жүктің жеңіл болары баршамызға белгілі жайт. Олай болса, бір тағдырдың жолында жүрген бір ел арманымызды бірге жүзеге асырайық! Мемлекетіміздің туын биікте желбіретуге халқымыздың әр перзенті қалтқысыз қызмет атқара берсін!

Мен – өркениет өріне, мәңгілік ел көгіне қадам басқан еркін елдің өренімін. Өткенге бойлап, бүгінгіні ақыл- таразысына салып, ой елегінен өткізіп, өзіндік пікір айтыу менің парызым сияқты. Өйткені мен- Тәуелсіз Қазақ елінің Ұланымын. Төрімде Ата Заң, көгімізде көк ту, маңдайшамызда Елтаңба, аспаны-

мызда тыныштық шарықтаған елміз біз. Қалай айтсақта, мақтануға тұрарлық тұғырымыз бар. Осының бәрі Елбасының қайратты істерінен туындаған жоқ па?

Халықтан тумай, туады кімнен алыптар,

Сенсеңіз егер сенуге татыр халық бар.

Бүгінгі мен тарихтағы орын бір емес,

Болашақ өз бағасын берер, анықтар,- деп

Қадыр ақын жырлағандай, Елбасы біреу болса, оған халқы тіреу болмақ.

Қазақстан туралы ойлағанда кейде мен іштей өзіммен-өзім сырласып кетемін. Сыр сандығымды ашып қарайыншы. Елім деп елжіреген жүрек әр баланың кеудесінде соғып тұру керек. Менің елім- «Көкте Тәңірі, көк бөрі жерде қолдап, жығылмаған көк туы батыр халық». Еліміз қай жағынан алып қарасақта қарқынды даму үстінде. Экономикамыз алға дамып, мәдениетіміз өркендеп, саясатымыз салмақтанып, оқу-білім, ғылымымыз шарықтап, тарих сахнасына ендік.

Елім менің! Осынау ұлы сезім өз үйің мен туған топырағынан бастау алады. Одан ары бұлақ-сезім өзендерге қосылып, үлкен дария құрайды. Ол дария-Қазақ елі. Тыныштығы мен салтанаты, өрлеуі мен кемелі жарасқан Қазақстан - киелі мекен. Талай тарланбоздар жүріп өткен ел тарихы құтты да шежірелі болмақ. Ел басына небір ауыр азапты күндер туғанда мойнымаған халық емеспіз бе?! Несіне болмашыға шыр-пыр боламыз? Ит үреді, керуен көшеді. Осындайда Сарыарқаның самаладай ескен желімен бізге жеткен батыр бабаларымыздың ерліктерін, жұмылған жұдырықтай тас түйін болған халқымыздың бірлігін, көрегендігінің арқасында елін алға, ақ жолға жетелеген Елбасымыздың қажырлы еңбегін айтайық та. Осындайда Балам сенің бұл халқың-батыр халық, Батырлығын жауына татырда анық. Байқағанға осы да осалдық па, Байтақ мекен көз жетпей жатыр неғып!- деген өлең жолдары оралады.

Пай-пай, шіркін-ай, Отаныма не жетсін!? Осындай биіктікке, жетістікке жеттік. Мұның бәрі- мен үшін телегей теңіз мақтаныш. Менің алаулаған шамшырағым-Қазақстан көкірегімде кере мақтана айтамын.

Махаббатым! Жанымның қуаты-әнім!

Әр мезгілгі бейнеңді ұнатамын.

Мен түсімде ұшсам да қанат бітіп,

Саған сеніп ұшамын, ұлы Отаным,- деп

Күләш Ахметова жырлағандай, Елім барда мен ешқашан аласармақ емеспін. Ендеше бүгінгі көңіл күйімді дәл басар Қасым ақынның өлеңі жүрек лүпілімді танытпақ:

Неткен байтақ, неткен ұлы жер едің,

Нендей күйге жүрегімді бөледің.

Сенде тудым, сенде өстім, сенде өлсем,

Арманым жоқ бұл дүниеде дер едім.

Мен ХХІ ғасыр Қазақстанның «Алтын ғасыры» боларына сенемін. Бұл бейбітшіліктің, тұрақтылық пен гүлденудің ғасыры болады. Қазақстан халқы ұлы тарихтың иесі атануға лайық. Біз көздеген мақсатымызға міндетті түрде жетеміз. Аңсарлы азаттығымыз бен тәу етер тәуелсіздігіміз баянды болсын!

Айсұлу ЗИМИНА,

**ГӘФ журналистика мамандығының
1 курс студенті**

Тәуелсіздігіміз баянды болсын!



Қазақ елі еркіндікке жету үшін қаншама қиын-қыстау кезеңдерді бастан кешірді. Мыңдаған жылдық тарихы бар Қазақстан тәуелсіздік алды. Астанадағы Бейбітшілік және келісім сарайында Қазақстан халқы Ассамблеясының мерейтой-лық XX сессиясы өтті. Сессияда Елбасы Қазақстан халқы Ассамблеясын «Бүкіл халықтық өкілдік!» деп атады. Көреген Ұлт Көшбасшысының ұлы мақсатын сессияның аты да әйгілеп тұр: «Қазақстан-2050» Стратегиясы: «Бір халық – бір ел – бір тағдыр».

Елбасы сессияда сөйлеген өз сөзінде: «Бір халық» – бұл барлығымыз үшін ортақ ұлттық мүдделер, «Бір ел», бұл – барлығымыз үшін ортақ Отан.

«Бір тағдыр», бұл – біз бірге жүріп өткен қиындықтар мен жеңістер!

Міне, қазақстандық қоғамдық келісімді шайқалтпай ұстап тұратын табаны таудай ұш таған. Қоғамдық келісімсіз мемлекет бір қадам ілгері жылжи алмайды деді? «Бір халық» – бұл барлығымыз үшін ортақ ұлттық мүдделер, «Бір ел», бұл – барлығымыз үшін ортақ Отан. «Бір тағдыр», бұл – біз бірге жүріп өткен қиындықтар мен жеңістер!

Осы сөздерді естігенде, мен өзім тұратын ауылымды, өз ортамды ойлаймын. Оның себебі менің кіші Отаным сияқты кішкентай ауылдардан үлкен Қазақстан құралады. Менің тұратын мекенім Солтүстік Қазақстандағы кішкентай ауыл Біздің ауылда 170-отбасы, 760-тұрғын тұрады. Біздің елді мекенде 11 ұлт пен ұлыстын өкілдері қоныстанған. Әрбір отбасының өзіндік тағдыры бар.

Мысалы: менің әкем РФ-да дүниеге келген. Анам Монғол Халық Республикасында туған. Мен және менің бауырларым Қазақстанда туып өстік және мәңгілік Қазақстанның азаматы боламыз. Мен оқып бітірген мектепте 10 ұлттық өкілдері, 135- оқушы

білім алады. Біздің барлығымызды біріктіретін бір мүдде, бір тағдыр, бір мақсат.

15 қарашада миллиондаған қазақстандықтардың назары көгілдір экранда болды. Оның басты себебі Алматыда Қазақстанның намысын қорғап, біздің еліміздің көк байрағын асқақтатып, Жасұлан Қыдырбаев пен Илья Ильин сайысқа шықты. Өз отандасымыздың жеңісін барлық қазақстандықтар тіледі. Ұлты басқа болса да тілегі бір, діні басқа болса да мақсаты бір толағайымыз үшін жеңсе деген тілеуде болдық. Илья мен Жасұлан еліміздің, Елбасымыздың сенімін ақтады және осы жеңіс бүкіл Қазақстанды қуантты. Біздің барлығымыз үшін ортақ ұлттық мүдде бар екенін және жеңіске жетуіміздің дәлелі болды. Біз осы құндылықтарды қазақстандықтардың әрбір болашақ буынына аялай ұсынуымыз керек. Бейбіт күндегі белестерді бағындырып, алдағы сындардан сүрінбей өтеріміз, ең алдымен, өзімізге, бірлігіміз бен берекемізге байланысты. Бәріміз бір атаның – Қазақстанның ұлы мен қызымыз. Бәріміздің де туған жеріміз біреу – ол қасиетті қазақ даласы. Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар, ол – тәуелсіз Қазақстан.

Біз болашаққа көз тігіп, тәуелсіз елімізді «Мәңгілік Ел» етуді мұрат қылдық.

«Қазақстан-2050» Стратегиясы осынау мәңгілік жолдағы буындар бірлігінің, ұрпақтар сабақтастығының көрінісі. Елбасы Жолдауында өмірдің баға жетпес құндылығы – балаға, бала тәрбиесіне, болашағына көп көңіл бөліп отыр. Отбасы, әке мен бала, бала мен ана мәселесіне – «Бала тәрбиелеу-болашаққа үлкен инвестиция» деуінде үлкен мән жатыр. Бұның барлығы ұлттық құндылықтарды сақтап, дамытуға бағытталған әрекет. Адамзат өзінің байырғы құндылықтарынан ажырамауы үшін ат салысып, адамдарды ізгілік пен қамқорлыққа шақыруы көңілге қонымды.

Өкінішке орай біз кейбір Еуропа елдерінің салт-дәстүріне еліктеп өзіміздің ұлттық менталитетінен айырыла бастадық. Соңғы деректер бойынша еліміздің 67 қарттар үйінде, 35 мың жетім қария бар екен. Тіпті біздің саны 27 мың адамға жетпейтін Федоров ауданында қарттар үйі бар. Менің ойымша осындай кемшіліктер зор зиян келтіреді. Елбасымыздың ата-анасын бақпаған жастар алимент төлесін деген сөзін «Қазақстан-2050» Стратегиясына аса қажет деп санаймын. Олай ойлайтын себебім ата-анасын бақпаған адам болашақта өз баласына дұрыс тәрбие бере алмайды. Ал дұрыс тәрбие алмаған баладан отансүйгіш азаматтың қалыптасуы екіталай деп ойлаймын. Қазақ халқында:

*Жылтырады деп жастарды сөкпе,
Берінің шыққан жері сол.*

Қалтырады деп көріні сөкпе,

Берінің барар жері сол – деген асыл нақыл бар.

Осы асыл сөздерді біз бала тәрбиелеу мәселесінде ұстануымыз керек. «Отағасының серігі – отанасы» демекші, Елбасы Жолдауында әлеуметтегі әйел адамның рөлі, оның келешегі жөнінде айтылған. Әйел ең алдымен-ана. Ал, ана-отбасы, мемлекет шамшырағы. Қызбаланы – ұлттық дәстүрде

Ветеринария және санитария

Еңбек нарығында ветеринар мамандарына сұраныс мол. Қазіргі таңда бұл мамандық Қазақстанның бірнеше жоғары оқу орындарында оқытылып жатыр. Аталған мамандықты меңгеруге жастардың қызығушылығы жылдан жылға артып келе жатқан сияқты. Бұл сөзімізге билітірген жылы А. Байтұрсынұв атындағы ҚМУ-ға осы мамандыққа құжат тапсырған талапкерлердің саны дәлел болмақ.

Университетімізде 1994 жылы зоогигиена және микробиология атты кафедрасы болып құрылған мамандық кейін, 2009 жылы, ветеринариялық санитария кафедрасы болып өзгерді. Сол кезден бастап кафедра өз жұмысын қарқынды жүргізуде. Қазіргі уақытта кафедрада 23 оқытушы жұмыс істейді. Олардың ішінде, 3 ғылым докторы, 7 ғылым кандидаты және магистранттар бар.

Ветеринариялық санитария кафедрасының негізгі мақсаты елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін және ұлт денсаулығын сақтауға қабілетті сұранысқа сай жоғары білікті мамандарды даярлау. Бұл мамандық түрі өте қажетті деп саналатындықтан студенттердің саны жыл сайын артуда.

Биылғы жаңа оқу жылы да ерекше басталды. «Серпін-2050» мемлекеттік бағдарламасымен республикамыздың оңтүстік аймағынан келген талапкерлер 1 курс студенттерінің қатарын толықтырды. Оңтүстіктен келген 90 талапкер аталған кафедраға оқуға қабылданса, оның 65 пайызы қазақ тобын құрады. Қазіргі таңда арнайы жоспар бойынша барлық шаралар орындалып, студенттермен жұмыс ойдағыдай жүргізіліп жатыр.

Ветеринария және санитария мамандығы ауқымы кең болғандықтан, бірнеше бағытта жұмыстар жүргізеді. Адам және жануар денсаулығын қорғау, жануарлар ауруының алдын-алу, қоршаған ортаны қорғау осы мамандықтың басты миссиясы, сондықтан бұл саланың қазіргі таңда маңызы зор болып отыр. Факультет қажетті аудиторлық қормен, инновациялық ғылыми-білім беру орталығымен қамтылған. Студенттердің білімін шыңдауға барлық мүмкіндіктер

жасалған. Бұл мамандық бойынша студенттер 5 жыл оқиды. Түлектер оқу бітірген соң шекарадағы ветеринариялық санитариялық инспекторы, індетке қарсы отрядтарда, ветеринариялық базалардағы, зертханалардағы ветеринариялық санитариялық инспектор және санитариялық сарапшы болып жұмыс істей алады.

Ветеринария және санитарияның негізгі бағыты зертханалық және қадағалау жұмысы. Бұл саланың кәсіби мамандары мал шаруашылығы, сауда орындарындағы жұмыстарды өз бақылауынан өткізеді. Сатылып жатқан өнімдер, соның ішінде өсімдік, ет, балық, сүт өнімдерінің сату тәртібін бақылайды.

Кафедраның жетістіктері де аз емес. 2015 жылдың қаңтар айында ғылыми жоба бойынша 3 грантка ие болды. Халықаралық конференцияларда, республикалық байқауларда жеңіске жеткен студенттері қаншама. «Парасатты жастар-2014» бизнес жобасы бойынша профессор В.И. Гершун жетекшілік еткен 4 курс студенті Мускина Шолпан жеңімпаз атанды. Республикалық көрме, инновациялық жоба «Экспо-2017» байқауында 4 курс студенті След Артем сертификатпен марапатталды. Сондай-ақ, 2015 жылдың наурыз айында жастар арасындағы инновациялық форум жобасында 3 орынға ие болды. Челябинда өткен халықаралық конференцияда Азамат Исаев жетекшілік еткен студент Жанна Жакаева 2 орынды иеленді. Астана қаласында өткен республикалық ғылыми зерттеу жұмыстарының байқауында Хусайынова Диляра 3 орынды иеленген болатын.

*Айдана ҚУАНЫШБАЙ,
ГЭФ журналистика мамандығының 3 курс студенті*

Көкпаршы

Көкпар – ата-баба заманынан келе жатқан асыл қазыналарымыздың бірі. Бүгінгі күнге дейін өзгеріске ұшырамаған қазақ халқының ұлттық ат спорты.

Ертеде буыны қатқан жастар атқа отырып 1 жасқа толған семіз серкені ортаға салып көкпар тартқан. Төл спортымыз бүгінде өз өзектілігін еш жоғалтқан емес. Көкпарды кәсіп қылып өмірлік нәпақасын тауып жүрген жастар мен аға-буын өкілдері бар. Жігіттердің төресі дәл осы көкпаршылар десек жарасатындай. Алайда, ХХІ ғасырда көкпар ойнайтын жастардың қатары санаулы. Солардың бір біздің университетіміздің студенті Мырзабек Бекберді.

- Бекберді, өзіңізді оқырмандарға таныстырудан бастасақ.

- Мен Мырзабек Бекберді Бейбітұлы Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданында дүниеге келдім. Қазір А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-дың ветеринария және малшаруашылығы технологиясы факультетінің 1 курс студентімін.

- Көкпарға деген қызығушылық қашан басталып еді?

- Көкпар – ұлттық ат спорты ойындарының бірі. Ол командалық ойын болғандықтан жігіттерден күштілікті, төзімділікті, батылдықты, ептілікті талап

Қазақстанда 1949 жылғы көкпар жарысының ережесі бекітілді. 1958 жылдан көкпар арнайы жабдықталған алаңдарда өткізіліп келеді. Алаң көлемі қатысушылар санына байланысты. Егер әр команда 5 адамнан болса, ұзындығы 300 м, ені 100 м, 10 адам болса – 500x200 м, 15 адамнан болса – 700x300 м, 20 адамнан болса – 1000x500 м болады. Алаңның әр бұрышына қызыл жалаушалар ілініп, оның екі жағында диаметрі 10 метрлік шеңбер (“отау”) сызылады. Шеңбердің дәл ортасына көкпар қойылады. Жарыс басталар сәтте командалар орталық шеңбердің сыртында тұрады. Жарыс алаңындағы төрешінің хабары бойынша басталады.

өтеді. Менің көкпарға деген қызығушылығымды арттырған ағаларым мен достарым. Досым екеуміз 5 сыныптан бастап ат баптап, тай жастарға қатыстық. Ал көкпарға 8 сыныптан бастап көңіл бөле бастадым.

Ұлттық ат спортының ерекшеліктерін түсіндіріп, көкпар ойнаудың қыр-сырын үйреткен Елубаев Ғалымжан Рыспеқұлы есімді бапкерім бар. Бұл кісіге сөзсіз ризашылығымды білдіремін. Менің ер мінезді, қайсар азамат болып қалыптасуыма көкпар ойыны мен бапкерім себепкер болды. Ұлттық ат спортын таңдап, көкпар ойнауды өмірлік кәсіп етуді ойладым. Бірақ, ата-анамның және өзімнің қалауыммен оқуды таңдадым.

- Сіздің ойыңызша, көкпардың жастарға берері бар ма?

- Көкпар жігіттердің күш-жігерін, төзімділігін, батылдығы мен ептілігін, ат үстінде мығым отыруын қалыптастырады. Сондықтан көкпардың пайдасы мол. Ұлттық спортымызға жастарды көбірек тарту керек. Ата-баба дәстүрін жалғайтын жастар емес пе.

Шыны керек, Бекберді Мырзабек университетіміздегі көкпар ойнайтын жалғыз студент шығар. Төл спортымызды таңдаған жас шабандозға «бәрекелді!» дейміз.

Белтірік НҰРТАЙ,
ГӘФ журналистика мамандығының
3 курс студенті



Испанияға сапар



А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің аграрлық – биологиялық факультетіне қарасты биология және химия кафедрасының меңгерушісі, биология ғылымдарының кандидаты Сұлтанғазина Гүлнар Жәлелқызы мамандығы бойынша біліктілігін арттыру мақсатында Испанияға барып келді. Валенсия қаласында болып, 10 күндік тәжірбие жинап қайтты. Облыстың белгілі, білімді оқытушыларына арналған мұндай мүмкіндікті «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы ұсынған. Аталмыш орталықтың жиберуімен университеттің оқытушылары жыл сайын шетелге шығып, білімдерін жетілдіреді. Гүлнар Жәлелқызы да осы мүмкіндіктен қалыс қалмай, испандық мамандардан көп жәйді үйреніп келді.

Он күндік дәріс барысында тыңдаушылар бірнеше топқа бөлініп, берілген тапсырмалар –

ды бірнеше ұжым болып орындаған. Мәселен, «Аудиовизуальды оқу әдісін құрастыру» деген тапсырманы 5–6 күннің ішінде аяқтады. Сонымен қатар, партролия жасап, түрлі тақырыпта презентация әзірлеген. Шетелдік магистранттар ағылшын және орыс тілдерінде дәріс оқыды.

– Шетелдік мамандардан үйренеріміз көп. Екі елдің студенттерінің өзіндік ерекшеліктері бар. Испанияда студенттер өздік жұмыспен көбірек айналысады. Оқытушылар онлайн режимде дәріс оқыды. Теориялық білімді практика жүзінде іске асыруға студенттердің өздері кіріседі. Білім беру әдістерінің ерекшеліктері мен қызықтырды. Біздегі білім беру процесінен өзгеше. Ең басты артықшылығы, оқу онлайн режимінде жүргізіледі, – дейді Гүлнар Сұлтанғазина.

Балауса ЖАҚСЫБАЕВА,
ГӘФ журналистика мамандығының
3 курс студенті
Суретте: биология ғылымдарының
кандидаты Гүлнар Сұлтанғазина